



МАЙДАНГЕР

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖЕҒІС ЖАУЫНГЕРІ

Қазақстандағы бейбіт
өміріне дән риза

12

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №48 (6610) 30 мамыр, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

ӘКІМ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

БАҚЫЛАУДЫ БОСАҢСЫТУҒА БОЛМАЙДЫ

Шаһар басшысы алдағы жылыту маусымына дайындық жөнінде жұмыс кеңесін өткізді



Жиын барысында қала басқармалары, коммуналдық қызметтер мен мердігер ұйымдардың басшылары атқарылған жұмыстар мен инженерлік инфрақұрылым нысандарын жаңғырту және салу жөнінде есеп берді. Қала әкімі бұл бағыттағы жүйелі жұмыстың маңыздылығын ерекше атап өтті.

«Мен күн сайын жылыту маусымына дайындық барысы туралы мәлімет алып отырамын. Егер қандай да бір кешеуілдеу болса, дереу шара қолданамыз. Магистралдық желілер мен энергетикалық жобаларды жаңғырту бойынша келісімшарттар жасалған, қаржыландыру қамтамасыз етілген, жұмыс жүргізіліп жатыр. Бақылауды босаңсытуға болмайды, әсіресе, тұрғын сектор мен әлеуметтік нысандардың дайындығына ерекше назар аудару қажет», – деді Дархан Сатыбалды.

4

ФОРУМ

«QAZAQ VISION»

мәдени құндылықтардың креативті үлгісін ұсынды

Шаһарда «Qazaq Vision» атты форум өтті. Аталмыш форумды Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Қоғамдық даму орталығы ұйымдастырды. Бұл іс-шара қазақ халқының мәдени мұрасын цифрлық кеңістікте танытуға және креативті индустрияларды дамытуға бағытталды.



Досбол
АТАЖАН



Форум шеңберінде шығармашылық қауымдастық өкілдері мен медиа индустрия мамандары бас қосып, заманауи коммуникация құралдары арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеудің жаңа тәсілдерін талқылады. Іс-шара барысында мотивациялық баяндамалар, кәсіби нетворкинг сессиялары, жеңімпаздарды марапаттау

рәсімі және ашық пікірталастар ұйымдастырылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, форум жастарға, креативті индустрия өкілдеріне, медиасарапшыларға, контент жасаушыларға, болашақ блогерлер мен PR мамандарына арналған. Сондай-ақ, форумды өткізуде қазақ тіліндегі сапалы мультимедиялық контенттің санын арттыру, ұлттық мәдени құндылықтарды креативті форматта ұсыну, жаңа авторлар мен қазақ тілінде контент жасаушыларды қолдау және ынталандыру, ұлт-

тық сана-сезімді нығайту сынды мақсат көзделген.

«Qazaq Vision» форумы екі кезеңді қамтыды. Атап айтқанда, ниет білдірген авторлар Instagram желісінде өткен бейнероликтердің онлайн-байқауында қазақтың рухани құндылықтары мен ұлттық дәстүрлерін көрсететін креативті контент әзірледі.

Форум барысында байқау жеңімпаздарына қаржылай сыйлық берілді. Екінші кезеңде жастар, байқауға қатысушылар, сарапшылар және медиа саласының өкілдері бас қосып, өзара тәжірибе алмасты.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

30.05.2025

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

31.05.2025

Түнде:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.

1.06.2025

Түнде:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

www.aqshamnews.kz



4



БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

ҚАСІРЕТ ПЕН ҮМІТ

Күнтізбе мамырдың соңына таяған сайын халқымыз үшін қасіретті де қастерлі жылдар еске түседі. 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Бұл – халық жадында өшпестей із қалдырған зұлмат заман санада қайта жаңғырар қаралы дата. Ал маусымның алғашқы таңы ұлттық жадымыз үшін ерекше мәнге ие. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Мазмұн-бағдары тағылым мен мейірімді, қасірет пен үмітті сабақтастыратын бұл даталардың түпкі мәні – ел тағдыры мен ұрпақ қамын тоғыстырып тұрғандай.

Ел тағдыры мен ұрпақ қамы

XX ғасырдың 30–50-жылдарында миллиондаған жазықсыз жандардың өмірін жалмаған аштық пен қуғын-сүргін – қазақ халқы бастан өткерген ең ауыр да қасіретті-қияметті кезеңдер еді. Кеңестік тоталитарлық жүйе ешкімді аяған жоқ. Билікке кереғар пікір айтқандар ғана емес, қарапайым еңбек адамдары, өнер мен ғылымның өкілдері, ұлт зиялылары жаппай қуғын-сүргінге ұшырады. Зұлмат жылдары қазақ даласын қасірет бұлты торлап, мыңдаған тағдырды тәлкекке салды. Қазақ халқының бетке ұстар, еліне қорған болған талай тұлғасы «халық жауы» атанып, жазықсыз атылып, түрмеге жабылды, жер аударылды. Шын мәнінде, ұлт болашағы үшін өткеннің шындығын айту, жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету – бүгінгі ұрпақтың перзенттік парызы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, «жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз».

Әр әулеттің жүрегіне жазылмас жара салған бұл нәубет жылдарды ұмыту – тарихқа қиянат жасаумен бірдей. Бұл – миллиондаған адамдардың көз жасы мен жоғалған ұрпақтың мұң-зары. Еркіндік пен бостандықтың қадірін, әділеттің қаншалықты қымбат екенін ұғынуымыз үшін де ақтаңдақ жылдар ақиқаты айтылуы, ұлтқа қызмет еткен тұлғаларымыз ұлықталуы тиіс, саны өлшеусіз жазықсыз жандардың толық ақталуы – елдігімізге сын. Қазақ халқы бұл қасіретті жүрегіне өшпестей етіп жазды. Атадан балаға аманаттай жеткізіп, рухани жадын жаңғырта білді. Ел тәуелсіздігін алған соң осы тарихи әділетсіздікті қалпына келтіру жолында нақты шаралар қолға алынды. Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау, олардың есімдерін халық жадында жаңғырту мақсатында мемлекет тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Атап айтқанда, «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданып, мыңдаған жазықсыз жандардың есімі қайта ардақталды. 2020 жылғы 24 қарашада Мемлекет басшысының Жарлығымен арнайы Мемлекеттік комиссия құрылып, архивтік құжаттармен кешенді зерттеу жұмыстары басталды. Соның нәтижесінде 2,6 миллионнан астам құжаттың құпия белгісі алынып, 311 мыңнан астам адамның тағдырына қатысты нақты деректер жинақталды. Комиссияның үйлестіруімен 72 томнан тұратын ғылыми жинақ әзірленіп, XX ғасырдың 20–50 жылдарындағы қуғын-сүргін туралы тың деректер жарық көрді. Сонымен қатар, арнайы Президент тапсырмасымен құрылған XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығы зерттеу жұмыстарын жалғастыра бермек. Деректерге сүйенсек, Орталық 688 мыңнан астам іс пен 48 мыңға жуық есепке алу картоткасын электронды форматқа көшірмек. Бұл – болашақ ұрпақ үшін бағасы өлшеусіз рухани мұра болмақ.

Тағзым мен тағылым

Ел басына түскен ең ауыр зұлмат жылдарды еске алып, жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ететін күн – тарихтан тағылым алып, келешекке әділет пен ақиқат жолымен қадам басатын сәт. Ұлт перзенттеріне тағзым – ертеңгі күннің еңсесін тіктеуге жасалған рухани тірек болмақ. Бұл қанды қасап кезеңді тек өткенге тағзым ету үшін ғана емес, бұдан былай мұндай тағдыр қайталанбауы үшін де ұмытпауымыз керек. Алаш ардақтылары мен зиялыларын аяусыз жазалап, тұтас халықтың арман-мүддесін тұншықтырып, ұлт көшіне қамыт салған геноцидті еске алу арқылы ашаршылық пен репрессия құрбандарының рухына тағзым етеміз. «Өткенін ұмытқан ел – болашағынан айырылады» (Мұхтар Әуезов).

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл, ел ертеңі – жас ұрпаққа деген ата-ананың, қоғамның, мемлекеттің жауапкершілігін еске салар, болашақ алдындағы борышымызды бекемдейтін күн. Олардың амандығы – ұлттың амандығы, білімі мен бостандығы – мемлекет мәңгілігінің кепілі.

Қазақ қоғамы үшін екі дата да – Алаш боздақтарының рухына тағзым күні де, ертеңге деген үмітіміз – бүлдіршіндеріміздің мерекесі де қасиетті. Біз өткеннің зұлматын ұмыта алмаймыз, бірақ болашақтың жарқын болуына себепкер бола аламыз. Ұрпақтың бақытты болашағы – бабаларымыздың ең асыл мұраты. Сондықтан да өткенді естен шығармай зерделеп, келешекті кемел ету – ортақ міндетіміз. Жаппай саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарының рухын қастерлеу, балалардың құқығын қорғау, оларды мейірімге бөлеп, қауіпсіз әрі бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету – азаматтық парызымыз. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау, тарихымызды қастерлеп, өткеніміз бен болашағымыздың арасын жалғар санамыз бен жадымыз өшпесін дейік.

Төрехан ДАНИЯРОВ.



(Дереккөз: Орталық коммуникациялар қызметі).

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

не үшін қажет?

2025 жылы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында елімізде Ұлттық ауыл шаруашылық санағы өтеді. Бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихында екінші санақ. Алғашқысы 2006–2007 жылдары өткен еді. Еліміз аграрлы мемлекет болғандықтан бұл үшін ауыл шаруашылығы санағын өткізу өте маңызды. Себебі, нақты әрі дәл статистикалық мәліметсіз стратегиялық даму мүмкін емес. Мақалада екі санақтың ерекшелігі жайлы сөз болмақ.

Салада жемқорлық азаймай тұр

Ауыл шаруашылығы жемқорлық тәуекелі жоғары салалардың қатарында тұр. ҚР Бас прокуратурасы жылдың басында 2024 жылдағы анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша мәлімет таратқан еді. Бұл ақпаратқа сүйенсек, мемлекеттік органдарда былтыр 907 мемлекеттік қызметші осындай күдікке ілінген. Оның жетеуі түрлі деңгейдегі әкімдер.

Мемлекеттік органдардың ішінде ең көп жемқорлық фактілері Ішкі істер министрлігінде тіркелген. Ал Ауыл шаруашылығы министрлігі де антирейтингте жоғары орында тұр. 2024 жылы аталмыш ведомствода 25 жемқорлық фактісі тіркеліп, мемлекеттік органдар арасында төртінші орында болған.

Ауыл шаруашылығы саласында жүйелі мәселелердің бар екенін ҚР Жоғары аудиторлық палатасының есебі де көрсеткен. Әсіресе, ауыл шаруашылығын субсидиялауда жүйелі кемшіліктер анықталған. Жоғары аудиторлық палата 2024 жылы желтоқсанда ауыл шаруашылығын субсидиялауға бөлінген мемлекеттік қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижесін жариялады.

Аудит Ауыл шаруашылығы министрлігі, сонымен қатар, ШҚО, Павлодар, ҚКО, Түркістан облыстарының ауыл шаруашылық басқармаларына жасалған. Қамту мерзімі – 2022 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралық. Аудит жасалған қаражат көлемі – 943 млрд. теңгеден астам. Аудит қорытындысы бойынша мынадай кемшіліктер анықталған:

• 125 млрд. теңгеден астам қаржы тиімсіз пайдаланылған;

• 17 млрд. теңгеден астам қаржы тиімсіз жоспарланған;

• 2 млрд. теңгеден астам қаржылық бұзушылықтар анықталған;

• 752 рәсімдік бұзушылық бар;

• 4 факті бойынша материалдар құқық қорғау органдарына беріліп, 322 материал әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін жіберілген.

Еліміздің агроөнеркәсіптік кешені (АӨК) азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және ауылдық аумақтардың тұрақты дамуында шешуші рөл атқарады. Алайда, аудит нәтижесі көрсеткендей, сектордың ЖІӨ-дегі

үлесі 2010 жылғы 4,5%-дан 2023 жылы 3,9%-ға дейін төмендеген.

Жоғарыдағы мәселелердің туындауына мемлекеттік субсидиялаудағы келесі жүйелі кемшіліктер әсер еткен: ауыл шаруашылығы саласын субсидиялау тетігі мен тәртібінде жоспарлау мен мониторингтегі кемшіліктер; АӨК субъектілері арасында субсидиялардың бөлінуін әлсіз бақылау; Экономикалық дамуды және өнім сапасын жақсартуды ынталандыратын қарсы міндеттемелердің болмауы; Субсидиялау ережелердің жиі өзгеруі (5 жылда 70-тен астам).

Мұның бәрі еліміз үшін стратегиялық маңызды саланың дамуына кедергі келтіруде. Себебі, ауыл шаруашылығы тек азық-түлік қауіпсіздігін ғана қамтамасыз етіп қоймай, экспорттық әлеуеті де жоғары сала.

Екінші санақ: бірінші кезең электронды түрде өтеді

Жоғарыда атап өткеніміздей, тәуелсіз Қазақстан тарихында Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы бір рет өткен. 2006–2007 жылдары алғашқы санақ ұйымдастырылған еді. Биыл екінші рет өтпек. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 26 сәуірдегі өкіміне және Үкіметтің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1248 қаулысына сәйкес, 2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында ҚР Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу туралы шешім қабылданды.

Алғашқы санақ екі кезеңге бөлінген. 2006 жылы өсімдік, 2007 жылы мал шаруашылығы санағы өтті. Санақ өте көлемді болғандықтан кейбір қорытындыларына ғана тоқталамыз. Еліміздің ауыл шаруашылығында мал басты орында болған. 2007 жылғы мәлімет бойынша Қазақстанда 5,6 млн. ірі қара, 1,5 млн. қой мен ешкі, 1,2 млн. жылқы, 138 мың түйе және 1,3 млн. шошқа басы болған. Биылғы санақта олардың «саны азайды ма, әлде артты ма?» деген сұраққа жауап аламыз.

Екінші санақтың ерекшелігі бірінші кезең электронды түрде өтеді:

• 2025 жылғы 1 тамыздан 31 тамызға дейін 30 күн ішінде арнайы веб-порталда өзін-өзі толтыру әдісімен;
• 2025 жылғы 20 қыркүйектен 20 қазан – 30 күн аралығында, санақ қызметкерлерін тарта отырып, жеке әңгімелесу әдісімен және планшеттерді қолданумен жүргізіледі.

Оның қорытындысы бойынша, соңғы 20 жылға жуық уақытта ауыл шаруашылығындағы өзгерістерді, тәуекелдерді анықтай аламыз. Сондықтан бұл санақ өте маңызды. Сондай-ақ, егін шаруашылығы да маңызды. Себебі, бидай өсіру секілді салалар АӨК-нің негізі болып саналады. Жайылым жердің көлемі, оның құнарлылығы мәселесі де санақтан белгілі болмақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



КОНФЕРЕНЦИЯ

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ТҰЛҒА

Олжас Омарұлының рухани мұрасы қалың көпшілікке ұсынылды



Түркі әлемінің абыз ақсақалы, көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов адамзаттық құндылықтарға бейімделген шығармаларымен елімізде ғана емес, бүкіл әлемде жоғары бағасын алған тұлға.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабының 50 жылдығына арналған «Түркіславистиканың бастаулары» тақырыбында білім мәдениетін қолдауға арналған VII халықаралық конференция ұйымдас-тырды.

Жиынға зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушы, көрнекті ғалым, оқытушы-профессор, қоғам қайраткерлері, студенттер және т.б. қатысты. Әлем таныған алып тұлғаның жауһар жырлары, рухани мұрасы қалың көпшілікке ұсынылып, естеліктер айтылды. Жан-жақтан келген құттықтаулар да оқылды.

Ұйымдастырылған конференция Еуразия аумағының көптеген оқырман ұрпақтарының ұлттық және халықаралық өзіндік сана-сезімін қалыптастыруға шешуші әсер еткен, жарты ғасыр бойы мәдениеттерді жақындастырып, олардың өзара тәуелді тарихын ашқан «Аз и Я» кітабының тарихи ролін ғылыми тұрғыдан талқылауға арналды.



Жарты ғасыр бұрын жазылған «Аз и Я» қазір тари-хи шығармаға айналды. Мұндағы басты сюжет – бір-бірімен диалогта халықтардың өзіндік санасын дра-малық түрде табу. Соңғы онжылдықта аталмыш кітап адамзаттың зияткерлік мұрасының лайықты эле-ментінің біріне айналды. Сондай-ақ, Еуразия мәде-ниеттерінің дамуы мен жақындасуын анықтаған шы-ғармалар арасында ең көрнекті орынға ие болды.

Олжас Сүлейменов «Игорь жасағы туралы жыр-дың» «күрделі шешілмеген жақтарын» поэтикалық тұрғыдан ашудан бастап, жаңа ғылыми пәнді – түркі славистикасын жасап, шумер сөздері мен иероглиф-терінің түркі этимологиясын ашты, олардың шығу тегін зерттеуге мүмкіндік беретін жаңа әдістеме (белгі мен сөз археологиясын) және келесі жарты ғасырда – мыңдаған этимологияларда бастапқы поэтикалық түсініктерді жалғастыруға және «Хомо Сарієns» мәдени генезисі теориясының кең дәлелдемелік базасын әзірледі. Осыдан жарты ғасыр бұрын «Аз и Я» кітабында жарияланған «1001 сөз» тарихи-линг-вистикалық жобасы автордың ғылыми және әдеби еңбектерінде ғана емес, ЮНЕСКО-ның мәдениет-терді жақындастыру жаһандық жобасының негізі болды.

Конференция ЮНЕСКО-ның 2022–2029 жылдар-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Қазақстан Журналистика академиясының президенті:

Ғасырда бір туатын ұлы тұлға

Ақын, түркі әлемінің ұлы қайраткері, көрнекті зерттеуші, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 89 жасқа толуына орай ұйымдас-тырылған конференцияда оның еңбегі кеңінен қамтылды. Әлем таныған тұлғаның түркі бірлігі, жалпыадамзаттық құндылықтар төңірегіндегі ең-бектері, ұлағатты ойлары өскелең ұрпаққа мұра болып қалары анық. Ол бір ғасырда бір туатын ұлы тұлға.

ға арналған Орта мерзімді стратегиясы, Мәдениет-терді жақындастырудың Халықаралық онжылдығы, Халықаралық байырғы тілдердің онжылдығы (2022–2032) және ЮНЕСКО-ның білім қоғамдарын нығайту аясында өткізілді.

Халықаралық байқау:

ШЕКАРАСЫЗ БІЛІМ БЕРУ –

болашақ мұғалімдер үшін шабыт алаңы

Алматы мемлекеттік гумани-тарлық-педагогикалық кол-леджінде ерекше серпін мен шабыт-қа толы іс-шара өтті. Жұмысшы мамандықтары жылы аясында және Алматы қаласы Білім басқармасы-ның қолдауымен ұйымдастырылған «Nextgen teacher: Білімге шекара жоқ» атты халықаралық салалық байқау жас педагогтар үшін кәсіби дамудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Байқаудың басты мақсаты – педаго-гикалық колледж студенттерінің шығар-машылық және ғылыми әлеуетін дамы-ту, заманауи білім беру тәжірибелерін насихаттау және халықаралық педаго-гикалық байланысты нығайту. Осы орайда, Қазақстанның түкпір-түкпірі-нен, сондай-ақ жақын шетелдерден келген студенттер «Педагогикалық зертхана: болашақ әдістемесі» және «Ғылыми-білім беру стенд-форумы» атты екі бағытта бақтарын сынады.

Педагогикалық зертханада қатысу-шылар soft skills дамыту, функционал-дық сауаттылық, инклюзия және инно-вациялық әдістер тақырыбында жобалар ұсынды. Жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылып, ав-



(Сурет: ұйымдастырушылардан)

торлар жобаларын қазылар алқасы алдында тікелей және байқауға алыс-тан келе алмағандар онлайн форматта қорғады. Ал Стенд-форум алаңында білім беру саласындағы өзекті мәселе-лер – цифрлық шешімдерден бастап азаматтық тәрбиеге дейінгі тақырыптар қозғалды.

Презентациялар, бейнебаяндар мен мультимедиялық материалдар арқылы қатысушылар өз зерттеулерін заманауи стильде жеткізе білді. Іс-шараның ерек-шелігі – оның халықаралық деңгейінде ғана емес, мазмұндық байлығында. Байқауға дайындық 19–27 мамыр ара-лығындағы іріктеу кезеңінен басталып, 28 мамырда жобалардың қорғалуымен

аяқталды. Қазылар алқасы құрамында тәжірибелі оқытушылар мен әдіскерлер болды. Жеңімпаздарға дипломдар, барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

«Nextgen teacher» байқауы – жәй ғана жарыс емес. Бұл – болашақ мұ-ғалімдердің білім беру жүйесіне жаңа серпін беру, педагогикаға жаңаша көз-қараспен қарау, креатив пен зерттеуге құштарлықты таныту алаңы. Келер ұр-паққа сапалы білім беруді мақсат еткен жас мұғалімдердің бұл бастамасы педа-гогикалық қауымдастық үшін үлкен үміт ұялатады. Шекарасыз білім – бүгінгі күннің басты құндылығы екені тағы да дәлелденді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бибі ДУАНБАЕВА,
Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі директоры:

– Бүгінгі байқау студенттер ара-сында өтетін халықаралық деңгей-дегі маңызды іс-шара. Негізгі мақ-сатымыз – дарынды, талантты, үздік студенттерді анықтап, олар-дың бастамаларына қолдау көрсет-ту, зерттеу қабілеттерін дамыту. Өздеріңіз білесіздер, 2025 жыл елімізде «Жұмысшы мамандықта-ры жылы» деп жарияланған. Бүгінгі іс-шара дәл осы жылдың аясында ұйымдастырылып отыр. Байқауға барлығы 131 студент қатысуға өтініш берді, олардың арасынан іріктеліп, ең үздік деген 35 студент өз жобаларын қорғауға мүмкіндік алып, өз бақтарын сынайды.

Диана АХМЕТҚАЛИЕВА,
студент:

–Бұл семинар мен үшін ұзақ дайындық пен жүйелі еңбектің нәтижесі болды. Уақытша жобалар емес, керісінше, ұзақ мерзімді тәжірибелердің қорытындысын осы жерде ұсындым. «Шет тілі са-бағындағы рөлдік ойындарды да-мыту» тақырыбында баяндама жасадым. Бұл тақырыпты таңдаған себебім – оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне, тілдік кедергіден арылуына көмектесетін тиімді әдіс-терді көрсету. Мұндай байқаулар біз сияқты болашақ мұғалімдер үшін үлкен тәжірибе мектебі.

ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«БАҚЫЛАУДЫ БОСАҢСЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

56,1%, электрмен жабдықтауда – 64,5%, сумен қамтуда – 51,73%, ал газ желілерінде – 36% деңгейінде.

Кеңестен кейін шаһар басшысы қаланың бірқатар инфрақұрылымдық нысанын аралады. Соның бірі – ЖЭО-2. Мұнда энергетикалық және қосалқы жабдықтарға ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жаңғырту нәтижесінде электр қуатын 557 МВт-қа, ал жылу қуатын 952 Гкал/сағ-қа дейін арттыру жоспарланған. Сонымен қатар, зиянды заттар шығарындылары 93%-ға, көміртек ізі 38%-ға қысқармақ. «ЖЭО-2-ні жаңғырту – экологиялық тұрақтылық пен жайлы қалалық орта қалыптастыру жолындағы стратегиялық қадам. Бұл жоба Алматының болашағы үшін маңызды», – деді шаһар басшысы.

Қала әкіміне қада қағу жұмыстарының 47%-ы орындалғаны, іргетас құю мен

құрылымдарды орнату жұмыстары жалғасып жатқаны, негізгі жабдық жеткізіліп жатқандығы туралы баяндалды. Сонымен қатар, қысқы маусымға дайындық аясында жөндеу жұмыстары жүргізілуде: жоспарланған жұмыстың 36%-ы аяқталған.

ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
МАҢЫЗДЫ

Шаһар басшысы «Орбита» шағынаудандық қазандығына да барды. Бұл нысан «Орбита-1-4», «Алмагүл» шағынаудандары мен Асқаров көшесін жылу және ыстық сумен қамтамасыз етеді. Мұнда көлемі 2000 м³ болатын үш аккумуляторлық бактың екеуі іске қосылып, үшіншісі орнатылып жатыр. Жоба жылу жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бостандық ауданындағы 1972 жылы іске қосылған «Оңтүстік» қазандығында

жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстары да әкім назарында болды.

Қуаты 190 Гкал/сағ бұл қазандық 356 көпқабатты тұрғын үй мен 39 әлеуметтік нысанды жылумен қамтиды. Қуатын 290 Гкал/сағ дейін арттыру жобасы арқылы қаланың оңтүстік бөлігіндегі қосымша 100 мыңға жуық тұрғынды орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету көзделген.

САПА МЕН МЕРЗІМ

Жобада жаңа қазандық цехының құрылысы, заманауи суқыздырғыш қазандықтар мен қосалқы жабдықтарды – резервуарлар, тазарту құрылғылары және өрт сөндіру жүйесін орнату қарастырылған. Қала әкімі жобаның уақытылы мерзімінде орындалуын қамтамасыз етіп, жылыту маусымы басталғанға дейін барлық дайындық жұмыстарын аяқтауды, сапаға айырықша маңыз беруді тапсырды.

Бұқар жырау – Масаншы – Ғабдуллин – Байтұрсынов – Сәтбаев көшелерінің бойында орналасқан, 1983 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан жылу трассасы да жаңартылып жатыр. Бұл желі 220-дан астам нысанды – тұрғын үйлер, мектептер мен медициналық мекемелерді жылумен қамтиды. Биыл 1,5 шақырым құбыр ауыстыру көзделген. Қала әкіміне бұл жұмыстардың екі жылға жоспарланғаны және 2026 жылға өтетіні хабарланды. Жаңғырту кезінде ыстық су беру тоқтатылмайды.

Жұмыс сапары қорытындысында шаһар басшысы қысқы маусымға дайындықтың соңғы мерзімі – 31 тамыз екенін еске салып, мектеп, балабақша мен ауруханалар сынды әлеуметтік нысандарға баса назар аударуды тапсырды. Дархан Сатыбалды жобалардың сапасы мен мерзімінің орындалуына тұрақты бақылау жүргізілетінін және инженерлік инфрақұрылымды жаңарту әкімдіктің басты міндеттерінің бірі болып қала беретінін атап өтті.

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Инфрақұрылымды жаңғырту мегаполистің тұрақты дамуының өзегі. Биыл Алматыда 39 шақырым жылу, 238 шақырым электр, 260 шақырым су құбыры және 34,7 шақырым газ желісін жаңарту көзделген. 2025 жылы 347 шақырым су және кәріз желілерін жаңғырту, 69 қазандықты жөндеу және 16 қазандықты жаңғырту жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар аясында 12 қазандық, 47 механизм мен 11 газ сыйымдылығы жаңасына ауыстырылады. Инженерлік инфрақұрылымның тозу деңгейі қазіргі уақытта жылу желілерінде –

ФОРУМ

«QAZAQ VISION»

мәдени құндылықтардың креативті үлгісін ұсынды

(Басы 1-бетте)



Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ,
форум модераторы:

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
КОНТЕНТ
КӨБЕЙГЕНІ –
ТІЛІМІЗДІҢ МЕРЕЙІ**

«Qazaq Vision» форумында цифрлық технологиялар, медиа платформалар арқылы ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді үйлестіріп, ілгерілету мәселелері қаралды. Форум аясында бейнероликтер байқауы да ұйымдастырылды. Оған шығармашыл жастар қатысып, өздерінің шығармашылық әлеуметтерін сынап көрді әрі жаңа идеяларымен таныстырды.

Жалпы, қазақ тіліндегі контенттің көбеюі – мемлекеттің стратегиялық мәселесі деп ойлаймын. Себебі, мемлекеттік тілді дамытып, оның қолдану аясын кеңету керек деп көп айтамыз. Бірақ осы қазақ тіліндегі жаңа контент жасалуы – бұл айтылып жатқан ойлардың нақты іс жүзінде асып жатқанының көрінісі. Қазір халық әлеуметтік желілерді, әртүрлі платформаларды қолданады, бір-бірімен байланыс жасайды. Осы тұста мемлекеттік тілімізде жасалған контент сапалы әрі саны көп болса, әрине, бұл тіліміздің мерейінің үстем бәсекелестік деңгейін арттыратын қадам.



Сабина НҰРҒАЛИ,
журналист және
цифрлық контент
авторы:

– Қазір қоғамда «орыс тіліндегі контент сапалы, сосын зерттеу де көбірек жүргізіледі» деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Дегенмен, қазақ тіліндегі контент те қарқынды дамып келе жатыр. Әрине, қиындықтар да жоқ емес. Мысалы, ірі компаниялар, жарнама алушылар көбіне орыс тілінде жарнама сатып алады. Қазақ тілді контент жасаушылар қаржы жағы жетіспегендіктен өз күшімен контент жасап жатыр.



Ақжарқын
КӘРІМБЕКОВА,
байқауға қатысушы:

– «Qazaq Vision» жобасы шығармашылығымызды таныстыру алаңы болды. Біз бейнеролик дайындау үшін қазақтың салт-дәстүрімен терең танысып, өзіміз де тарихи жадымызды жаңарттық. Байқауға «Сырға салу» дәстүрі туралы ролик түсірдік. Онда қазақы қыздың сұлу, ұяң бейнесін көрсеткіміз келді. Өз басым бейнежазбаны түсіру барысында салт-дәстүріміздің ерекшелігін сезіндім. Жобаның ауқымы кеңейе берсе дейміз.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

BRT АЛМАТЫНЫҢ КӨЛІК КЕПТЕЛІСІН
АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖЕҢІЛДЕТЕ АЛАДЫАвтобустардың орташа жылдамдығы **70%** дейін артады;

Жолдағы уақыт үнемделеді;




Жолаушылар ағыны көбейіп, жеке көлікке деген қажеттілік азаяды;



Экология жақсарады, ауаның ластануы азаяды;



Қаланың жоғарғы және төменгі бөлігі тиімді байланысады.



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

BUS RAPID TRANSIT:

ЗАМАНАУИ КӨЛІК ЖҮЙЕСІ

Алматының күрделі көлік кептелісін шешуге бағытталған

Алматы жыл өткен сайын көлік тығынынан көз ашпай келеді. Әсіресе, таңертеңгі және кешкі қарбалас сәттерде қала көшелерінде қозғалыс мүлде тоқтап қалатын жағдай жиі кездеседі. Осы түйткілді шешу үшін қала билігі заманауи қоғамдық көлік жүйесі – BRT (Bus Rapid Transit) желісін салуды қолға алды. Алайда, бұл бастама шынымен де көлік кептелісін азайта ала ма, әлде уақытша әрі шектеулі шешім бе? Біз де осы тақырып төңірегінде сарапшылар пікіріне көз жүгіртіп, сала мамандары мен қарапайым қала тұрғындарын әңгімеге тартқан едік. Тарқатып айтып көрелік...

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫҚҰЖЫНАҒАН КӨЛІК,
ҚАЖЫҒАН ХАЛЫҚ

Полиция департаментінің мәліметінше, Алматыға күн сайын 700 мыңнан астам көлік кіреді. Бұған қала тұрғындарының өз көліктерін қоссаңыз, қозғалыстың қаншалықты күрделі екенін көзге елестету қиын емес. Қысқасы, қазіргі қала көрінісі құжынаған көлік пен қажыған халыққа толды.

Көлік – жәй ғана қатынас құралы емес, көптеген тұрғындар үшін әлеуметтік мәртебе мен жайлылықтың символы. Алайда, көліктің көбеюі – тұрмыс жақсарды дегенді білдіре бермейді. Оның бір себебі – қоғамдық көліктің қолайсыздығынан туындап жатқаны анық. Міне, осыны ескерген қала билігі әлемдік тәжірибеде дәлелденген шешім – заманауи көлік желісі – BRT жүйесін енгізуді бастады.

BRT ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОЛ ҚАЛАЙ
ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Бұл арнайы жолақпен жүретін жылдам автобус жүйесі. Метроға ұқсас, бірақ арзан әрі тез салынады. Жолаушылар станцияда билет алып, автобуска турникет арқылы кіріп-шығады. Қозғалысты «ақылды» бағдарламалар басқарады. 1974 жылы Бразилияның Куритиба қаласында алғаш енгізілген бұл жүйе бүгінде Лондон, Стамбул, Джакарта, Богота, Мехико сынды ірі мегаполистерде табысты қолданылуда. Мәселен, Боготадағы TransMilenio жүйесі күніне 2,5 миллион жолаушыны тасымалдайды. Жолда жүру уақыты 32%-ға қысқарып, зиянды газдар көлемі 40%-ға азайған.

Қазақстанның көршісі – Қытайдың Гуанчжоу қаласында да бұл жүйе 2010 жылдан бері жұмыс істейді. 22,9 шақырымдық желіде 26 станция орналасқан және ол мет-

ро желісімен біріктірілген. Бұл – жолаушылар ағынын тиімді реттеудің айқын мысалын көрсетеді.

АЛМАТЫ BRT-ГЕ НЕГЕ МҰҚТАЖ?

BRT – Алматының күрделі көлік түйінін шешуге бағытталған жүйе. Қазір Райымбек даңғылы бойында жаңа желі құрылысы жүріп жатыр. Бұл бағытта 9 ірі автобус маршруты жүретін болады. Сала мамандарының айтуларына, жоба іске қосылғанда автобус жылдамдығы 70%-ға артып, жолаушы күту уақыты 4–7 минутқа қысқарады.

Архитектор-урбанист Владислав Филатовтың пікіріне құлақ түрсек, болашақта Райымбек, Тимирязев және Желтоқсан көшелерін байланыстыратын үлкен көлік дәлізі қалыптасады. Бұл қаланың жоғарғы

және төменгі бөлігін тиімді байланыстыруға мүмкіндік береді.

– «Желтоқсан көшесімен өтетін BRT желісі Райымбек және Тимирязев көшелеріндегі бағыттармен біріктіріледі. Осылайша қаланың басты аудандарын байланыстыратын біртұтас көлік дәлізі қалыптасады», – дейді В.Филатов.

Ал техника ғылымының докторы, профессор Жұмажан Жаңбыров та бұл мәселеге кешенді көзқарас қажет екенін айтады:

– Жаңа автобустар жеткіліксіз. Көлік жүйесін жаңғырту үшін техникалық қауіпсіздік, логистика, мамандардың даярлығы мен инфрақұрылымды дамыту – бәрі біртұтас жүйе ретінде қаралуы тиіс. Тек әкімдік пен қаржы жеткіліксіз – қоғам мен бизнес те бұл жұмысқа араласуы керек, – дейді маман.

BRT жүйесі – қала үшін үлкен қадам. Бірақ жүйе жалғыз өзі бүкіл мәселені шеше қояы екіталай. Сондықтан оның жанында жаяу жүргінші, велосипед жолақтары, көше қиылыстары мен тұрақ жүйесі де қатар дамуы тиіс. Ендеше, бұл жоба тек «косметикалық жөндеу» ғана емес, көлік реформасының негізіне айналуы қажет. Әйтпесе, BRT өзі кептеліс тудыратын факторға айналуы да ғажап емес.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерден ӘБДІР, көлік жүргізуші:

Осыдан BRT жүрсінші,
көлігімді сол күні тастаймын...

Егер автобус уақытылы келіп, кептеліссіз жүрсе, жеке көлікпен жүрудің қажеті де болмайды. Бұл біз үшін – уақыт пен жүйкені үнемдейтін керемет жаңалық болар еді. Өйткені, мына көшедегі кептеліс мені ғана емес, бүкіл халықты қажытып жіберді. Кімге өкпе айтамыз, барлығы бала-шағаның қамы деп жүрген жандар. Жұмысым қаланың арғы бетінде. Автобуспен жүріп көріп едім, кешігіп, мазам кетті. Кептеліспен жету қиынға соқты. Амалсыз көлікке міндік. Осыдан BRT жүрсінші, көлігімді сол күні тастаймын...

Тұрсын КӘРІБАЙ, зейнеткер:

Қашан бітеді, қашан жүреді?

Автобус іші әлі де лық толы, жайсыз. Әлі дайын емес жүйеге сенім аз. Міне, Райымбек даңғылының бойында құрылыс басталғалы көшелер шу мен шаңға толды. Қашан бітеді, қашан жүреді? Астанадағы LRT-ның кебін кимесе болғаны...

Амантай НҮСІП, қала тұрғыны:

Жеке көлікке тәуелділікті азайтады

BRT-ның мақсаты – жеке көлікке тәуелділікті азайтып, тұрғындарды қоғамдық көлікке көшуге ынталандыруды көздейді. Оны түсінеміз. Бірақ Алматыдағы көлік мәселесі тек жолақтармен немесе автобустармен шешіле салатын жеңіл түйін емес қой. Біріншіден, қаладағы автокөлік саны күн санап артып келеді. Статистикаға сүйенсек, Алматыда күніне 600 мыңнан астам көлік қозғалысқа шығады. Оның ішінде қалаға сырттан келетін автокөліктер де аз емес. BRT бұл көлемге төтеп бере ала ма?

Екіншіден, BRT желісінің аясында кейбір көлік жолақтары автобустарға берілгендіктен, қалған көліктер үшін қозғалыс кеңістігі тарылып, бұл керісінше жаңа кептелістер тудыруы мүмкін бе дейміз. Халық арасында бұл өзгерісті қоғамдық көлікке емес, ыңғайсыздыққа балап, наразылық танытып жатқандары да бар. Ал үшіншіден, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге арналған инфрақұрылым BRT жобасымен бірге үйлестірілмесе, қалада көлік қозғалысы ғана емес, жалпы мобильділік жүйесі үйлесімсіз болмақ деп ойлаймын.

МАМАН ПІКІРІ

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ,
техника ғылымының докторы,
профессор:

КЕПТЕЛІСТЕН ҚҰТЫЛУДЫҢ
ЖОЛЫ КӨП, ТЕК НИЕТ КЕРЕК

BRT жобасы бойынша нақты ұсыныс жасауға болады. Мен кезінде кептелісті көп шығынсыз, тек әкімшілік ресурстың көмегімен реттеуге болатынын айтқан едім. Бірақ бұл идея қабылданбады. Себебі, қалаға әл-Фараби даңғылы бойындағы айналма жолдар секілді миллиардтаған қаржы бөлінетін ірі инфрақұрылымдық жобалар қажет болды. Бірақ мұндай ауқымды жобалардың өзі Алматыдағы көлік тығынын шеше алмады.

Иә, қалаға BRT жүйесін енгізуге болады, бірақ оны қаланың орталық көшелерімен жүргізу – үлкен қателік. Неге десеңіз, Алматының көшелері тар, бұрылыстары мен қиылыстары тым жиі орналасқан. Мұндай жағдайда BRT тиімді жұмыс істей алмайды. Бұл жүйе қала шетінде орналасқан елді мекендерден – Қаскелең, Бурундай, Талғар, Есік секілді қалалардан Алматының шекарасындағы метро станциялары мен ірі сауда орталықтарына дейінгі аралықта жұмыс істеуі керек. Ал қаланың ішіне кіргізу тек тығыны күшейген мәселелерге әкеледі.

Жалпы, қаладағы көлік жүктемесінің артуына еліміздің барлық өңірінен келетін жеке көліктер де әсер етуде. Алматы бүкіл Қазақстанның «көлік базарына» айналып барады. Бұрын біз жүк көліктерінің қозғалысын нақты шектеп, қала көшелерінде реттеу енгізгенбіз. Қазір ауыр жүк көліктері қала ішінде еркін жүріп, жолдың негізін бұзып жатыр. Бұл – инженерлік тұрғыдан аса қауіпті.

Қала ішінде көлік ағынын азайтудың тағы бір жолы – сырттан келетін көліктердің кріуіне шектеу қою. Көптеген дамыған елдерде сырттан келген жүргізушілер көліктерін қаланың сыртында қалдырып, қоғамдық көлікпен қалаға кіреді. Бұл тәжірибені біз де қолдануымыз керек.

Тағы бір ескеретін жәйт – көлік тығыны көбіне таңертеңгі және кешкі қарбалас уақытта болады. Бұл кезде мектептер мен кеңселер бір мезгілде ашылып-жабылады. Егер жұмыс пен оқу уақыттарын әртүрлі кезеңдерге шегерсе, бұл да тығындарды азайтуға септігін тигізеді.

Қысқасын айтқанда, Алматының көлік проблемасын шешу үшін қыруар қаржы емес, дұрыс жоспарланған, ғылыми негізделген, әкімшілік ерік-жігер керек. Бізде мұндай шешімдерді қабылдай алатын білім де, кадр да, мүмкіндік те жеткілікті...

ТҮЙІН:

BRT жүйесі шын мәнінде тиімді жұмыс істеуі үшін кешенді жоспар, ашық диалог және қоғаммен ашық байланыс маңызды. Жергілікті билік, бизнес пен қоғам бірігіп жұмыс істесе, BRT – Алматыны кептелістен құтқаратын жүйеге айналары сөзсіз.

Ендеше, BRT – қаланың тынысын ашатын, қоғамдық көлік жайлы, сенімді және экологиялық таза құрылым болатын күн де алыс емес. Бұл – Алматы үшін маңызды қадам.



ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

АЛМАТЫ ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫ

жаңа зауыттармен толықты

Алматы Индустриалды аймағы қаланың асолтүстігінде 490 га аумақты алып жатыр. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында 2025 жылы құрылған бұл өндіріс базалары қазір мен болашақтағы қала экономикасының қуатты драйвері. Индустриалды аймақ өз негізі мен басты бағытын Қазақстанның Стратегиялық даму бағдарламасынан алған. Бүгінде жоспарланған 107 өндірістің қырықтан астамы өнім беріп, алматылықтарды жұмыспен қамтып отыр. Жуырда Алматы қалалық Кәсіпкерлік және инвестиция басқармасы Индустриалды аймақта баспасөз турыын ұйымдастырған болатын. Жүзеге асқан жобалармен жүзбе-жүз танысып қайттық.

Нұрлан
СҮЙІН

«Сапалы отандық өнім шығарамыз»

Индустриалды аймақтағы жасалған баспасөз турының алғашқы бекеті Telli Ondiris ЖШС болды. 2024 жылдың қаңтарында өндіріске кіріскен бұл орын тұрмыстық химия мен косметика бұйымдарын өндіреді. Сұйық сабыннан тартып, гель, шампунь, т.б. косметикалық заттар мен тұрмыстық химия заттарын шығаратын отандық өндіріс қазір нарықта өз орнын бекемдей бастаған. «Біз келісім-шартты өндіріс орны ретінде тапсырыс берушінің сауда маркасы бойынша өнім өндіреміз. Сонымен қатар, өз брендтерімізді де жасап, қалыптастырып отырмыз. Біздің өнімнің 95%-ы табиғи компоненттер. Өнімдерімізге дерліктей қазақ жерінің шөптерін пайдаланамыз, оларды өзіміз өңдейміз. Енді авторлық серияларға патент алмақшымыз, – дейді директордың бизнес жөніндегі орынбасары Жанна Баймағамбетова.

Аталмыш жоба бойынша елудей жұмыс орны ашылып, үш миллиард теңге игерілуі тиіс. Бүгінгі күнге мұның 465 млн. теңгесі игерілген. Қазіргі таңда автоматтандырылған желі жұмыс істеп, технологтар өнімнің құрамын бақылап, зиянды, аллергия шақыратын заттардан арылтуда. Өндірісте шикізаттан тартып, косметика құятын құтыларға дейін мүмкіндігінше отандық өнімдер пайдаланылады. Жоспарлы межеге сай, өндірістің мүмкіндігі жылына 37 миллион өнім шығаруға жетуі керек. Іске қосылған он айда Telli Ondiris 380 дана өнім шығарған. Бастысы, косметика мен тұрмыстық химия шығаратын өндіріс мемлекеттік сатып алу бағдарламасына кіріп, мемлекеттік мекемелер, ауруханалар мен мектептерге өнімдерін өткізіп келеді.

«Еуропаға экспорттауды көздейміз»

Баспасөз турының екінші нысаны – кабель-сым-темір шығаратын «Harmony Cable» ЖШС болды. 2024 жылдың желтоқсанынан жұмысын бастаған зауыт мыстан мыңға жуық өнім шығара алатыны-

мен ерекше. Зауытта елудей жұмысшы еңбек етеді, айына 100 тоннаға жуық өнім өндіріледі. Жылына 8 млрд. теңгеден астам сомаға 21 600 млн. метр кабель мен сымтемір өндіру мүмкіншілігі бар. Бүгінгі таңда зауыт өнімі өз еліміздің қажетін өтеуден тыс, көрші Қырғызстан мен Тәжікстанға экспорттала бастаған. Болашақта экспорт бағытын Еуропа елдеріне кеңейтуге күш салып келеді. «Біз кабель бұйымдарын Балқаштан шығарылып жатқан қазақстандық мыстан жасаймыз. Өнім өндіру көлемі жылына 1200 тоннаға дейін жетеді. Дәл қазіргі кезеңде кабельге қажет изоляциялық материал-пластикат жасауды кеңейту үстіндеміз. Бүгінде қазақстандық мыс Түркияға экспортталады, әрі қарай Еуропа нарығына шығады. Біздің де түп мақсатымыз – аралықтағы кедергілерге қарамай өнімімізді Еуропа нарығына жеткізу», – дейді зауыттың коммерциялық директоры Мәди Мұқанұлы.

Зауыт өнімінің басты тұтынушылары – отандық құрылыс компаниялары, электр бұйымдарын сататын сауда желілері және түрлі өндіріс орындары. Аталмыш зауытқа 2 миллиард теңге көлемінде инвестиция салынған. Зауыт болашақта жүз елу жұмыс орнын ашады деп жоспарлануда.

Нарықты бағалаушылар «Harmony Cable» ЖШС зауыты өнімдерінің импорттық өнімдерден әлдеқайда сапалы екеніне көз жеткізген. Индустриалды аймақтан ірге жайып, кеңейген зауыттың өндіріс қуаты артып, өнімдері сұранысқа ие бола түскен. Нарықтың жоғары сұранысына сай зауыт технологиялық құрылғыларына модернизация жасап, өз өнімдерінің түрін көбейте түскен.

Қайта өңделген шикізаттан жасалған

«VALTERM» ЖШС зауыты – индустриалды аймақтағы ерекше өндіріс орындарының бірі. Бұл алюминий, биметалдан жылу радиаторларын жасау зауыты. Өз өндірісін биыл наурыз айында ғана бастағанына қарамастан, отандық өндірісте өз маңызын көрсетіп үлгерді. Ерекшелігі сол, зауыт дайын шикізатпен жұмыс істемейді. Металл сынықтарын жинап, оларды қайта өңдеп (қорытып), алюминийді айырып барып өнім шығарады. Бұл дегеніңіз, 800–1000 градустық пештерде металл сынығын қайта балқытып, технология бойынша белгілі бір мөлшерде түрлі металл қосындысынан өнім өндіру технологиясы. Аталған зауыт қазақ-қытай бірлескен өндірісі саналады. 10 млрд. теңге көлеміндегі инвестиция да бірлесіп құйылған. Ал Алматы әкімдігі бірлескен кәсіпорынға тиісті қолдау көрсетілді, индустриалды аймақтан жер телімі бөлінді және инженерлік-коммуникациялық жүйелер тарылды.

Бүгінгі таңда зауытта бес металдан радиатор құю машинасы жұмыс істеп тұр. Жоспарда құю машинасын он беске жеткізіп, жылына миллион секция радиатор шығару көзделген. Дайын радиаторларды сырлау технологиясы да өзгеше, автомобиль жасаудағы технологияға ұқсас. Бастысы, бұл – радиаторларды пішінін бұзбай, 20 жылға дейін пайдалануға мүмкіндік береді. «Біз Қытайда 20 жылдан бері жылу радиаторларын жасаумен айналысамыз. Бүгінде бар кешенді тәжірибемізді Қазақстанға әкеліп, толыққанды өндіріс жүргізіп

отырмыз. Металл сынығын жинап, оны қайта өңдеп, дайын өнім – жылу радиаторларын шығарып отырмыз. Қазір 10 000 секцияға дейін радиатор шығарып жатырмыз. Алда өндірісті тіпті де кеңейту жоспарымыз бар», – дейді қытайлық инвестор Юэн Си.

Бұл зауыт өз жұмысшылары үшін барлық жайлы жағдайды жасағанымен танылды. Жұмысшыларға арнайы жатақхана салынған және тегін тамақтанатын асханалары да бар. Басты мақсаты – жұмысшыларға жағдай жасай отырып, жұмыс өнімділігін, көлемін тұрақты арттыру. Себебі, алып мегаполиспен оған жақын елдімекендерден күнделікті қатынап жұмыс істеу жұмысшылар үшін де, өндіріс орны үшін де тиімсіз болған. Қызметкерлердің тоқтаусыз және ауысыммен жұмысын қамтамасыз ету үшін осындай жағдайлар жасалған. Зауыт жұмысын ішкерілей зерттегенімізде белгілі болғандай, бір темір балқытатын пешті қыздыруға 8–10 сағат керек екен. Арақідік шикізат тапшылығы да білініп қалды. Зауыт басшылығы шаһар шекарасынан темір сынығын жинайтын бес-алты орынға жер бөлуін сұраған. Жер телімі бөлінсе металл жинау нүктелерін, қоймаларды өзіміз жасап алар едік дейді өндіріс орнының өкілдері. «Біздің алармандар базасы кең, Ресей, Әзербайжан, Украинадан да бар. Болашақта бірнеше өндірісті Алматыда шоғырландырсақ дейміз. Мықты мамандар да керек. 3 га жерде қосымша цех ашу жоспарымыз да бар. Онда жаңа өнімдер – газ қазандықтары, панельді радиаторлар, профильдер, т.б. өнімдер шығаруға мүмкіндік аламыз», – дейді «Valterm» ЖШС бас директоры Сайын Мұсаев.

Болашақтың қуатты драйвері

Индустриалды аймақ Алматы қаласын өндірістік базаға айналдырып келеді десек, артық емес. Себебі, мұнда көптеген өндірістер өз жұмысын бастап, жылына мыңдаған жұмысшыларға жаңа жұмыс орындарын тауып беруде. Бастысы, барлық өндірістің шығарып жатқаны отандық өнім саналады. Баспасөз турында байқағанымыздай, Алматы Индустриалды аймағына (АИА) барлық тараптан қызығушылық басым. Өндірісшілер тарапынан да, инвесторлар тарапынан да. Бүгінге дейін Индустриалды аймақта 142,1 млрд. теңгенің 41 өндірістік жобасы іске асқан. 4430 жұмыс орны ашылған. «Біз бүгінде тұрақты даму мен инвесторлардың үлкен қызығушылығын байқаймыз. Индустриалды аймақта мемлекет есебінен толықтай инженерлік инфрақұрылым жасалған. Бұдан өзге, өз теміржол станциясы, қолайлы көлік логистикасы бар», – дейді «Алматы Индустриалды аймағы» ЖШС бас маманы Дана Қалықова.

• Елдің ең үлкен шаһары Алматыны өндірістік өңірге айналдырған Индустриалды аймақтың бүгінгі де, болашағы да зор. Өнім шығарудың барлық саласын (азық-түлік, машина жасау, фармацевтика, құрылыс, косметика мен тұрмыстық химия) қамтыған Алматы Индустриалды аймағы болашақтың қуатты драйвері деп сеніммен айта аламыз.



ӘЛЕУМЕТ

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы:

ЕШТЕҢЕ ДЕ КЕШ ЕМЕС

Зейнеткерлер ағылшын және қазақ тілдерін үйреніп, IT сауаттылығын арттыруда

Бостандық ауданы қаладағы ең үлкен аумақтардың бірі болғандықтан, тұрғындар саны да едәуір көп. Тиісінше зейнет жасындағы тұрғындар саны да аз емес. Ауданда үш бірдей «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы жұмыс істеп тұр. Солардың бірі – «Шахристан» тұрғын үй кешенінде орналасқан жаңа орталық биыл жыл басында ғана ашылды, бұл күнде зейнеткерлердің белсенді ортасына айналып келеді.

Нұржамал
ӘЛІШ

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының негізгі мақсаты – зейнеткерлердің бос уақытының тиімді өтуіне ықпал ету, әлеуметтік және медициналық көмек көрсету, ауданда тұратын қарт адамдарды белсенді шығармашылық және қоғамдық өмірге тарту. Орталықта тәжірибелі психолог-мамандар жұмыс істейді. Мұнда айтулы күндерге арналған мерекелік және басқа да көптеген іс-шара ұйымдастырылады. Әрине, мұндай кезде Бостандық ауданы әкімдігі ұдайы қолдау көрсетіп отырады.

Ештеңе де кеш емес, заман үдерісіне қарай көптеген зейнеткер ағылшын және қазақ тілдерін үйреніп, компьютердің, смартфонның қыр-сырын меңгеріп, IT сауаттылығын арттыруда. Зияткерлік ойындардан шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ та келушілердің қызығушылығын арттыра түскен.

Сондай-ақ, орталықта ән-би үйірмелері де танымал. Бұл салада «Ретро» үйірмесі мен «Гүлдер» хорының жетекшілері Владимир Иванович пен Ғазиза Усталова зейнеткерлердің ең сенімді досы, әрі ұстазы. «Ретро» деп аты да айтып тұрғандай, мұнда халықтың көңіліне аса жақын, жүректен шығып жүрекке жететін ескі әндер,



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлсара ҚАБЛАНОВА,
Бостандық ауданы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының әдіскері:

ӘРКЕЗ ҚУАНА ҚАУЫШАМЫЗ

«Шахристан» тұрғын үй кешенінде орналасқан орталыққа күніне 200-дей адам келеді. Біздегі сұранысқа ие үйірмелердің бірі – йога. Татьяна Николаевна жаттықтыратын бұл үйірмеге қатысатын жандар өте көп және олардың бәрі жаттықтырушыларымызға дән риза. Алмат Рахымбеков, Искра Александровна, Татьяна Алишеровна, Роза Ходжаева сынды зейнеткерлер қазірдің өзінде йога-ның қыр-сырын жақсы меңгеріп алған. Йога – екі мың жылдық тарихы бар ежелгі ілімдердің бірі. Ол адамның тән мен жанның, сананың үндестігін тепе-теңдікте сақтай білуге көмектеседі. Сондықтан да йога егде жастағы жандарға өте қажет. Бізге келушілер денсаулыққа аса пайдалы спорттың тағы бір түрі – скандинавиялық жүріспен шұғылданады.

Кітапқұмарларға арналған үлкен оқу залы, сурет салу бөлмесі де бар. Шығармашыл зейнеткерлер майлы бояумен керемет пейзаждар мен натюрморттар салып, қала көрінісін полотно бетіне көшіріп, туындыларын көрмелерге қойып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Біздің орталықтағы әр күн мәнді. Сондықтан бәріміз таңертең қуана қауышып, түс ауа қимай қоштасамыз.

ЛЕБІЗ

Теміржан СҰЛТАНОВ, 73 жаста:

Ән – жанды тербейді

Мен «Ретро» және қазақ тілін үйрену үйірмесіне барамын. Бұрынғы әндерді орындағанды және тыңдағанды ұнатамын. Ән салу деген керемет өнер ғой. Әу демейтін қазақ жоқ. Ән адамның жан сезімін оятып, жүректің нәзік қылын қозғайды. Халқымыз бала өмірге шыр етіп келген кезден оған ән айта бастайды. Мен орталыққа уақытымды жәй өткізу үшін емес, ләззат алу үшін келемін.

Ольга ЛИ, 84 жаста:

Кітап қоры өте бай

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығындағы бірде-бір сабақты жіберместен үзбей қатысамын. Әсіресе, маған шахмат үйірмесі ұнайды. Сондай-ақ, осы жерден қызықты кітаптар оқимын. Маған кітап ішіндегі небір кейіпкерлер де сырлас, дос бола алады. Мұндағы кітап қоры өте бай.

қазақтың және өзге де этностардың ұлттық билері орындалады.

Бұл орталыққа келуге әрбір зейнеткер ынталы. Өйткені, олар өздеріне жақсы пікірлестер, достар табады. Орталық қажет заманауи жабдықтармен толық жабдықталған. Бөлмелер жарық та кең. Орталық директоры Светлана Олегова бастаған ұжым мүшелерінің барлығы жылы жүзді. Кәсіби білігі жоғары мамандар жұмыс істейді. Сондықтан мұнда жұмыстың бәрі жүйелі әрі қызықты.

СКАНДИНАВИЯЛЫҚ ЖҮРІС

жас таңдамайды

Алматы қаласының Түркісіб ауданындағы Сейфуллин атындағы саябақта Түркісіб және Медеу аудандарының белсенді егде жастағы тұрғындары арасында скандинавиялық жүрістен жарыс ұйымдастырылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Бұл іс-шара – қала тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, қарт кісілердің белсенділігін арттыруға бағытталған. Мәдени іс-шараның ашылу салтанатында Түркісіб ауданы әкімінің орынбасары Ермек Әміров сөз сөйлеп, мұндай бастамалардың маңыздылығын атап өтті. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, олардың бойындағы сергектік пен ынтаға жоғары баға берді.

Мұндай бастамалар қаламызда бірнеше жылдан бері нәтижелі түрде жүзеге асырылып келеді. Қазіргі таңда қалалық әкімдіктің қолдауымен әр ауданда бір емес, екі және одан да көп «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы жұмыс істейді. Бұл жолғы жарысқа Медеу және Түркісіб аудандарының орталықтарынан жиналған екі команда қатысты. Іс-шара «Жас медицина қызметкерлері» қауымдастығының

қолдауымен және Түркісіб ауданы әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Жарысқа қатысушылардың қатарында 200-ден астам адам болды. Әрбір қатысушының жүзінен көтеріңкі көңіл күй, көздерінен өмірге деген құлшыныс пен мейірім байқалды. Мұндай іс-шаралардың басты мақсаты да –



қарттардың қоғамнан оқшауланбай, белсенді өмір сүруіне жағдай жасау.

– Бізде йога, шахмат, би, ән, қолөнер, тіпті скандинавиялық жүріс сияқты сабақтар тұрақты өткізіліп тұрады. Бұл бізге өмірдің жаңа тынысын сыйлап отырғандай. Орталықтар – шын мәнінде халық үшін жасалған үлкен жақсылық, – дейді Түркісіб аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Ғалия Байгутдинова.

Жарысқа қатысушылар 1 шақырым қашықтықты жүріп өтті. Скандинавиялық жүріс кезінде дененің 90 пайыз бұлшықеті жұмыс істейді. Сонымен қатар, буындарға түсетін салмақ азаяды, қан айналымы жақсарады, тыныс алу мүшелері белсендірек жұмыс істейді. Мұндай артықшылықтары бар спорттың бұл түрі денсаулығына күтім жасайтын әр адам үшін маңызды екені сөзсіз.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

БОЛАШАҚТЫҢ НҰРЫ

Алматыда ерекше балаларға мерекелік іс-шара ұйымдастырылды



Алматыда 1 маусым – Халық-Аралық балаларды қорғау күніне орай ерекше қажеттіліктері бар балаларға қуаныш сыйлаған іс-шара өтті.

**Ернұр
РЫСБАЙ**

Бұл жолы мерекелік іс-шараны Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Парасат» әлеуметтік қызмет орталығы ұйымдастырды. Мереке қарсаңында «Береке» мейрамханасында өткен бұл айтулы жиын «Балалар – біздің болашағымыз!» тақырыбында болды. Мерекеге 150-ден астам ерекше балдырған мен олардың ата-аналары қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты – балалардың құқығын қорғап қана қоймай, оларды қоғамға бейімдеу, қуаныш сыйлау арқылы өмірге деген сенімін арттыру.

«Парасат» әлеуметтік қызмет орталығы КММ-нің директоры Нұрғайым Дүйсенбаева атаулы іс-шараның маңыздылығына тоқталып былай деді:

– Халықаралық балаларды қорғау күні – бұл тек ресми мереке емес, бұл – әр баланың білім алуға, денсаулығын сақтауға, қоғамның толыққанды мүшесі болуға құқығы бар екенін еске салатын күн. Бізде орталықта 300-ге жуық бала қызмет алады. Олардың ішінде тірек-қимыл аппараты мен психоневрологиялық ауытқулары бар балалар бар. Осындай кештер оларға өмірге деген сенім мен жігер береді. Осы жолы 150 баланы шақырдық. Мұндай іс-шараларды әр мерекеде ұйымдастыруға тырысамыз. Бұл жолғы мереке – ауқымды форматта өтті. Орталықта 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі балалармен қатар, 18 жастан асқан азаматтарға да күндізгі арнайы әлеуметтік қызмет көрсетіледі. Арнайы дайындалған бағдарлама аясында балаларға дамыту жаттығулары, дене шынықтыру және танымдық ойындар өткізіледі. Бұл – олардың ақыл-ойы мен физикалық

қабілеттерін арттыруға бағытталған маңызды жұмыс.

Кештің сәнін келтіретін мерекелік дастарханды жаюға жеке кәсіпкер демеушілік жасады. Кәсіпкерлер мереке сайын мекеме балаларын қолдап, бар тәттісін ұсынады. Оған балалар да, ата-аналар да ерекше қуанып қалады.

Іс-шара барысында Алматы қалалық «Ұйғыр этномәдени орталығы» – ұйғыр халқының мәдениеті мен дәстүрлерін сақтау мен насихаттауға бағытталған қоғамдық бірлестігі атынан балаларға сыйлықтар табысталып, ізгі тілектер айтылды. Мерекедің ән де, би де болды. Концерттік бағдарламаны «Самғау» қайырымдылық қоры мен халықаралық өнер байқауының президенті Индира Ахметова ұйымдастырды. Ол бірнеше жылдан бері ерекше балалармен тығыз жұмыс жасап келе жатқанын айтты:

– Біздің мақсатымыз – ерекше балаларды қоғаммен жақындастыру, олардың дарынын көпшілікке таныту. Бұл балалар өте талантты. Кейбірі Ташкент, Мәскеу секілді қалаларда өнер көрсетіп, марапат-

тар алып келіп жүр. Бүгін де жанды дауыста ән шырқап, қолөнер бұйымдарын көрсетті. Біз осындай іс-шаралар арқылы олардың талантын ашуға көмектесеміз, – дейді ол.

«Парасат» орталығында қызмет алатын балалар да армандайды, ән айтады, сурет салады, білімге ұмтылады. Осындай мерекелер – олардың өміріне бояу, жүрегіне қуаныш сыйлайтыны сөзсіз. Ендеше, қоғамның әр мүшесі бұл балалардың өмірде өз орнын табуына себепші болуы тиіс.

ТҮЙІН:

Балалар – елдің ертеңі. Олардың күлкісі – болашаққа үміттің сәулесі. Алматыда өткен бұл іс-шара – ерекше балаларға көрсетілген үлкен құрмет пен қамқорлықтың белгісі. Мұндай ізгі істер көбейе берсе, біздің қоғам әлдеқайда мейірімді, жанашыр қоғамға айналары сөзсіз.

«АШЫҚ ЕСІК»

ПОЛИЦИЯ – БАЛАЛАР ҚОРҒАНЫ



Балаларды қорғау күні қарсаңында Алмалы аудандық Полиция басқармасы мен Ұлттық ұлан бірлесіп, «Полиция – балалардың қорғаны» акциясы аясында Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімде «Ашық есік күнін» өткізді.

**Нұржамал
ӘЛІШ**

Іс-шараға аталған әскери бөліммен меморандумға отырған Каспий университетінің жанындағы колледждің 300-ге жуық студенті және аудан мектептеріндегі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**Айқын НҰРҒАБЫЛ, колледж студенті:****ОТАНҒА АДАЛ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ**

Біз сарбаздардың бір күндік өмірімен таныстық. Әскери техника және қару-жарақ көрмесін көрдік. Әсіресе, маған қызметтік итерді пайдаланып, жарылғыш заттарды іздеу мен қылмыскерді ұстау жаттығулары қатты ұнады. Әскерилендірілген спорттық эстафета ойындарын ойнадық. Менің әскер туралы оң пікірім бұрынғыдан да нығая түсті деп ойлаймын. Біздің әрбір күніміздің жақсы, жарқын, бақытты шақтарымыздың көп болуында Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздардың да еңбегі барын түсіндім. Болашақта Отан алдындағы перзенттік парызымды абыроймен өтеймін деп сенімді айта аламын.

«Жас сақшы» сыныбының оқушылары қатысты. Акцияның мақсаты – әрбір баланың үніне құлақ асатын, оның қорғалғанын және қоғамға қажеттілігін сезіндіре алатын орта қалыптастыру.

Әскери бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Ұлықбек Қараев бұл іс-шарада өскелең ұрпақ бойында әскери қызмет туралы түсінік, заң және тәртіп мәдениетін қалыптастыру көзделгенін атап өтті. Сондай-ақ, бұл акция Мемлекет басшысының IV Ұлттық құрылтай отырысында атап өткен «Қазақстан балалары» біртұтас бағдарла-

масын әзірлеу жөніндегі бастамасын қолдау іспетті.

Алмалы аудандық Полиция басқармасының аға инспекторы, полиция майоры Арайлы Оспанова балаларға олардың құқығы мен міндеті туралы әңгіме жүргізді. Сондай-ақ, әскери бөлімнің клубында кәсіптік бағдар беру бойынша «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясы» туралы деректі фильм көрсетіліп, «Мен – құқықтық тәртіп әскерімін» презентациясы ұсынылды.

Әскери іс-шара соңында белсенділік танытқан студенттер мен оқушылар әскери бөлім тарапынан марапатталды.



ҚЫЗЫҚТЫ ЭКСКУРСИЯ

Балалар цифрлық қызметтермен танысты

Мереке қарсаңында алматы-лық балалар қаладағы Халыққа қызмет көрсету орталықтарының біріне экскурсия жасады.



Досбол
АТАЖАН

Іс-шара «Қазақстан балалары» республикалық акциясы аясында өткізілді. «Азаматтарға арналған үкімет» филиалының қызметкерлері жас қонақтар үшін ХҚКО-да таныстыру экскурсиясын ұйымдастырып, жұмыстың негізгі бағыттары туралы баяндады.

Мемлекеттік қызметтерді алуды жеңілдетуге ықпал ететін заманауи цифрлық

шешімдер жас қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырды. Әсіресе, бес минут ішінде кезексіз жеке куәлік пен төлқұжат рәсімдеуге болатын құжаттандыру терминалы, тәулік бойы жұмыс істейтін постаматтардың жұмысы көрсетілді. Ұйымдастырушылар мұндай экскурсия балаларды цифрлық технологиялармен таныстыруға және цифрлық инновацияларға деген қызығушылықты оятуға, сауаттылығын арттыруға ынталандыратынын атап өтті.

Сонымен қатар, балалар үшін аниматорлардың қатысуымен тақырыптық байқаулар мен викториналар ұйымдастырылды. Іс-шараға қатысып, сала мамандарының қызметімен танысқан жеткіншектерге сертификаттар мен сыйлықтар табысталды.

ІС-ШАРА

«ӨРНЕК» ЭТНОЛАГЕРІ

ұлттық тәрбиені заманауи әдістермен ұштастырады

№148 мектеп-гимназиясында жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен мәдени мұраны сіңіру мақсатында «Өрнек» атты этнолагер өз жұмысын бастады. Бұл бастама оқушыларды ата-баба дәстүрімен терең таныстырып, ұлттық сананы қалыптастыруды көздейді.



Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараның ашылу салтанаты өте әсерлі өтті. Мектеп ауласында ұлттық киім киген оқушылар ән айтып, күй шертіп, халқымыздың бай мәдениетін паш етті. Киіз үй тігіліп, ұлттық қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Балалар бауырсақ, қымыз, ірімшік сынды ұлттық тағам түрлерімен танысып, кейбірін өз қолдарымен дайындап көрді.

Этнолагер аясында тек мәдени іс-шаралар ғана емес, салауатты өмір салтын дәріптейтін іс-шаралар да жүзеге асуда. Ашылу күні мектеп ауласында дәрігерлердің қатысуымен арнайы күш-қуатты арттыруға арналған серуен де ұйымдастырылды.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған шаралардың негізгі мақсаты – балалық шақ мәселелеріне мемлекет тарапынан басымдық берілетінін қоғам санасына сіңіру, оны мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретінде таныту. Мерекенің басты идеясы – әрбір бала өзін қорғалған және маңызды тұлға ретінде сезінетін орта қалыптастыру. Бұл мереке елдің бүгінгі мен болашағы балалардың сенімділігі мен амандығына негізделетінін айқындайды. Әр күннің өзіндік мағынасы – олар денсаулық, отбасы, қауіпсіздік және баланың құқықтарын қорғау сияқты маңызды тақырыптарға арналады.

Іс-шара барысында оқушылар таза ауада түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын



ойнап, дене белсенділігімен айналысты. Медицина мамандары балаларға дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау және спортпен шұғылдандудың маңыздылығы туралы пайдалы ақпарат берді.

«Өрнек» этнолагерінің басты ерекшелігі – ұлттық тәрбиені заманауи әдістермен ұштастыру. Өз кезегінде бұл балалар өздерінің тегін, тарихын, тілін тереңірек түсініп, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. Сонымен қатар, көшбасшылық, шығармашылық, еңбекқорлық пен жауапкершілік дағдылары дамиды. Жаһандану заманында ұлттық болмысты сақтау – басты міндеттердің бірі. Сол тұрғыда «Өрнек» этнолагері – болашақ ұрпақтың бойына ұлттық кодты сіңіру жолындағы маңызды бастама. Мұндай жобалар арқылы біз ұлттық рухани жаңғыруын іске асырамыз.

«Өрнек» этнолагері – бұл тек демалыс орны емес, ұлт болашағы саналатын өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына арналған маңызды білім мен тәрбие алаңы. Мұндай жобалар оқушылардың ұлттық болмысын нығайтып, денсаулықтарын жақсартуға ықпал етеді.

«БАЛАЛЫҚ ШАҚ МӘҢГІ БОЛСЫН!»

Алматыда ауқымды флешмоб өтті

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Алматы қаласындағы №59 мектеп-гимназияда «Балалық шақ мәңгі болсын!» атты ерекше мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Оған 300-ге жуық оқушы қатысты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мәдени іс-шарада әппақ футболка мен шапка киген балалар «Әрқашан күн сөнбесін!» әнін айтып, ұжымдық флешмоб биледі. Бірі сурет салып, бірі күн бейнесін жасап, ән шырқап, барлығы бірдей ортақ би билеген оқушылар мерекенің сәнін келтірді. Мектеп ауласы да мерекеге сай безендірілген. «Ұлы дала ұрпағы» атты этнолагер баннері ілінген аулада киіз үй де бар. Ұйымдастырушылардың айтуынша, этнолагер аясында тәрбиелік мәні зор, балалардың белсенділігін арттыратын іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Флешмоб мақсаты – балалық шақтың жарқын сәттерін бейнелеу, би мен ұжымдық әрекет арқылы шаттық пен мейірімділік атмосферасын қалыптастыру.



Мектеп-гимназия директоры Асан Торғанбековтың айтуынша, бұл іс-шара Алматы қаласы Білім басқармасының арнайы жоспары негізінде 22 мамыр мен 1 маусым аралығында өткізілуде.

– Оқушыларымыз жазғы демалысқа көтеріңкі көңіл күймен шықсын деген ниетпен осындай іс-шара ұйымдастырдық. Мектеп жанындағы этнолагерге келетін балалар күн сайын «Қара жорға» биімен жаттығу жасап, ұлттық ойындарға қатысады. Мұндай іс-шаралар оқушыларымыздың бос уақытын мазмұнды өткізуге сеп болады. Ал жалпы, балалар мерекесі – әр баланың жүрегінде шаттық пен



үміт оятатын ерекше күн. Біз жыл сайын бұл мейрамды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, шәкірттеріміздің шығармашылығын дамытуға мүмкіндік береміз, – дейді Асан Ержанұлы.

Айта кетейік, биыл мектепті 1355 оқушы

аяқтап отыр. Оның ішінде 11-сыныпты – 77 тұлға, 9-сыныпты – 156 оқушы тәмамдады. 11-сыныптан 7 оқушы – «Алтын белгіге», 4 оқушы – «Үздік аттестатқа» үміткер. Ал 9-сыныптардан 25 оқушы «Үздік аттестатқа» ұсынылған.



ЕҢБЕК АДАМЫ

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Мемлекет басшысы «Отаншыл, бойында адамгершілік пен білімпаздылық, еңбекқорлық, ел мен жерге деген жанашырлық сияқты асыл қасиеттері бар ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Дәл осындай ізгі қасиеттерді бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады» дей келе, жас ұрпаққа білім саласының нағыз майталман мамандарының еңбегін насихаттап, үлгі ету жөнінде бастама көтерген еді. Оқу-ағарту министрлігі Президент бастамасын қолдап, ұзақ жыл білім саласында еңбек еткен ардагерлердің еңбегін үлгі ету жұмыстарын бастады.

Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия шаңырағында «Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері Аягүл Миразова атындағы дәрісхана» ашылды.

Алаштың ардақты қызы Аягүл Төреқызы өзі талай дәріс берген кабинетте біршама аялдап, өзінің сәулелі сәттерін еске алды. Ұмытылмас күндерін жадында жаңғыртқан ұжымына ризашылығын білдірді. Дәл сол күні республикалық Аягүл Миразова атындағы математика пәні олимпиадасы да қатарласа өтті. Ардақты ұстаздың ізбасары, білікті басшы №159 гимназия директоры Эльмира Бидайбекова ардақты жанға деген құрметін білдірді.

– Аягүл Миразова – үлкен жүректі ұстаз. Тек Алматы қаласының ғана емес, бүкіл ел ұстаздарының мақтанышы. Былтыр қала әкімінің қолдауымен тұңғыш рет Аягүл Төреқызы атындағы олимпиаданы өткізген едік. Сол жолы олимпиадаға еліміздің жоғары оқу орындарының оқытушылары мен Мәскеу мемлекеттік университетінен арнайы шақырылған оқытушылар қазылық етті. Талай талантты баланың білім бәйгесіндегі тұсауын кесіп, есепке жүйрік, алғыр балалардың есімі белгілі болған еді. Биыл да білім додасына қатысып, бағын сынаған алғыр балалардың қарасы қалың болды. Ардақты ұстаз осынау биікке қатардағы математика пәні мұғалімі бола жүріп қол жеткізді. Жарты ғасырға жуық математикадан сабақ берді.



Жалпы, математика – ғылымның патшасы. Математикадан білімі терең адамның басқа саладан да хабардар болатыны анық. Әсіресе, біздің ұжым үшін ортамыздан Еңбек ерінің шығуы зор мақтаныш. Әрі бізге зор жауапкершілік. Сондықтан қашан да үдеден шығуға күш саламыз, – деді гимназия басшысы.

М.Мақатаев атындағы №140 гимназияда Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы, білікті педагог «Сәния Өскенбайқызы Тілеубай атындағы физика пәні кабинеті» ресми түрде ашылды.

Бұл күні білім мекемесі қос бірдей қуанышты сәттің куәсі болды. Ғұмырын ғылымға арнаған ұстаздың құрметіне қала мұғалімдеріне арналған алғашқы физика пәні олимпиадасы өтті. Ұзақ жылдан бері қазақ білімінің дамуына өз үлесін қосып келе жатқан Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Сәния Тілеубайдың есімі қазір еліміздің білім беру саласында алтын әріптермен жазылған.

Былтыр ғана Мемлекет басшысының қолынан ең жоғарғы марапат «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағына ие болды. Ардақты ұстаз өмірінің жарты ғасырдан астамын шәкірт тәрбиелеуге арнап, физика пәніне деген сүйіспеншілікті ұялата білді. Бүгінде көптеген шәкірттері оның адами қасиеттерін, терең білімін, шәкіртке деген жанашырлығын жылы естелікпен еске

алады. «Ол бізге физиканы ғана емес, өмірді түсінуді үйретті. «Физика – бұл тек формула емес, бұл – әлемнің тілі» деген сөзі менің ғылымға деген қызығушылығымды оятты. Әр сабағы ерекше атмосферада өтетін», – дейді осы мектептің түлегі Дана Қанатқызы.

Айтулы білім мекемесінде ашылған «Сәния Өскенбайқызы атындағы кабинет» іші заманауи құрылғылармен жабдықталған. Кабинетте интерактивті тақта, сандық зертханалық құралдар, визуалды модельдер мен оқыту платформалары бар. Бірақ ең бастысы – бұл кабинетте ерекше рух, ұрпаққа берілетін құндылық бар. Қазақта «Тұлғаны тұлға таниды» деген тәмсіл бар. Осынау жиынға арнайы келіп қатысқан қоғам қайраткері, ардагер ұстаз Орынша Қарабалина өзінің жүрекжарды лебізін білдіріп, әріптесіне ақ батасын берді.

– Бұл күн – жәй ғана салтанат емес, ұрпақтар сабақтастығының, ғылымға деген шынайы құрметтің, ұстаз есімін мәңгі есте қалдыруға бағытталған маңызды қадам болды. Алматы қаласындағы №140 гимназияда өткен бұл іс-шара – білім мен руханиятты ұштастырған, жүрекпен сезілетін нағыз мәдени оқиға. Менің айтпағым – бұл кабинет өткен мен болашақты байланыстыратын көпір. Күні ертең дәл осы шаңырақтан болашақ ғалымдар, инженерлер, ұстаздар өсіп шығады. Олар бұл есімді құрметпен еске алып отыратынына сенімдімін.

Осынау қуанышты сәттің шарықтау шегінде мектеп түлегі Дана Әбдіманаптың ардақты ұстазы жайлы «Үздік педагог» атты кітабының тұсауы кесілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәния ТІЛЕУБАЙ, М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназия директоры:

– Әр педагог гимназияға қуана келіп, қуанып қайтады. Неге десеңіз, педагогтың көңіл күйі жұмыстың сапалы жүруіне ықпал етеді. Әрбір мұғалім ұстаздық қызмет барысында педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң ұстанады. Жалпы, ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты дұрыс орнатуға негіз әрі алтын көпір іспетті. Менің қуанатыным – ұжымдағы педагогикалық әдепке сай тактиканы ұстанатын әріптестеріміздің көптігі дер едім.

Жалпы, ұстаздық дегеніңіз қашаннан-ақ ұлы қызмет қой. Менің де осынау мамандықтың иесі бола жүріп түйгенім, ұлылықтың кілті – қарапайымдылықта екендігі. Тарихта аты қалған небір дана, даралар өздерінің биіктігін қарапайымдылығымен танытты емес пе! Гимназиямыздағы ұстаздарымыздың да ұстанымы осы. Ұстаздарының бір шоғырын кәсіби шебер, әдіскер ұстаздар құраса, бір шоғырын жас мамандар құрайды. Мектебімізде 30-дан астам ер мұғалімдер ұстаздық қызмет етеді. Аталмыш гимназия – ұлттық құндылықтардың ордасы ретінде де танымал.

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

КӘСІБИ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ жетім балаларды қамқорлығына алады

1 маусымда еліміздің ең кішкентай тұрғындары өздерінің төл мерекесі – Халықаралық балаларды қорғау күнін атап өтеді. Нақты деректерге сүйенсек, қазір елімізде 6,9 млн.-нан астам бала бар. Балақайлардың өмірі, қауіпсіздігі, денсаулығы – барлығы да мемлекеттің басты назарында.

Дәл осы күні Алматы қаласының орталық саябағы мен 8 ауданында Балаларды қорғау күніне орай түрлі іс-шаралар, балалардың шығармашылық топтарының қойылымдары, концерттер, спорттық жарыстар, суреттер көрмелері және басқа да жүлделі байқаулар ұйымдастырылады. Шаһардың орталық саябағынан бастап, барлық алаңдарында балаларға түрлі ойыншықтар, шарлар, әртүрлі сыйлық пен балмұздақ таратылады.

Ел телеарналарынан берілетін бағдарламалардың дені де кішкентай көрермендердің көңілін көтеруге бағытталады. Соңғы жылдары мереке күні ұйымдастырылған қайырымдылық іс-шаралары мен концерттерден түскен қаражаттың басым бөлігі балалар үйлері мен ауруханаларға жіберіле бастады. Өйткені, арнайы мекемелерде тәрбиеленіп

жатқан бүлдіршіндердің де мерекені тойлап, көңіл көтергісі келеді. Бұған қоса, бастысы, жиналған қаражат олардың ем-домы үшін жұмсалады.

Алматыда мейрам аясында ұзақ жылдар бойы «Бозторғай», «Мейірім» сынды балалар байқаулары ұйымдастырылып келсе, соңғы жылдары «Бала фест» байқауы да тұрақты өткізіле бастады. Елімізде Балалардың құқығын қорғау комитетінің өкілеттіктері кеңейтіліп, оларға «әкімшілік жауапкершілікке тарту» құқығы берілді. Сонымен қатар, әр өңірдегі бала құқықтары жөніндегі уәкілдердің мәртебесі айқындалып, заңмен бекітілді. Осылайша елімізде бала құқығын таптап, оның ар-ожданына нұқсан келтіретіндерге қарсы жауапкершілік күшейтілді. Қазір еліміздің барлық өңірінде «111» байланыс орталығы өз қызметін көрсетіп жатыр. Бұған дәлел – ағымдағы жылдан бастап, еліміздегі білім ошақтарында балалар орталыққа QR-код арқылы қол жеткізе бастады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Адал азамат» бағдарламасы оқу процесіне енгізілді.

Сондай-ақ, осы жылдың 1-шілдесінен бастап ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау мақсатында «Кәсіби қабылдаушы отбасы институты» енгізілмек.

Қызмет көрсететін қамқоршылық органдарындғы мамандар саны 2,5 есеге көбейді. Балалардың құқығы мен қауіпсіздігін қорғау мақсатындағы жүйелі жұмыстың бірі – «Қазақстанның медиация мектептері» жобасы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Жер шарын балаларға берейік!»

Айтулы мерекенің тарихын да аз-кем тарқата кетейік. 1949 жылдың қараша айында Парижде Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясы өтіп, онда Балаларды қорғау күнін белгілеу туралы шешім қабылданған екен. Бұл күнді қазір әлемнің 60-тан астам елі атап өтеді. Мерекенің әлемге ортақ өз туы бар. Онда жасыл кенеп бетіне бес түрлі-түсті схемалық адам бейнеленген. Мұндағы қызыл, көк, қара, ақ және сары түс ортақ планетамыз бен жер бетінде тұратын адамдардың бірлігін білдіреді. Әлем халқы бұл күнді «Жер шарын балаларға берейік» деген ізгі тілекпен атап өтуді үрдіске айналдырған. 1959 жылы Балаларды қорғау күнін мереке-леу идеясын Біріккен Ұлттар Ұйымы да жоғары бағалаған еді. Содан кейін 1989 жылы дүниежүзілік ұйым Бала құқықтарының декларациясын дайындап, оған Бала құқықтары туралы конвенцияны енгізді.

Министрлік балалар әдебиеті мен музыкасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру мақсатында «Оқуға құштар» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында балалар әдебиетінің тізімі қалыптастырылды. Жасыратыны жоқ, бұған дейін мектептерде балаларға арналған жаңа көркем әдебиеттер бағдары ұзақ жылдар бойы жүйелі түрде қолға алынбай келген еді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ

Ширек ғасырға жуық тарихы бар Оқушылар сарайы бүгінде өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Біршама уақыт бұрын Алматы әкімдігінің қолдауымен жобалық кеңсе аясында осынау қосымша білім беру мекемесі өз тарихында ауқымды модернизацияланудың екі кезеңін іске асырып, қызмет көрсету мүмкіндігін барынша арттырды. Біз Оқушылар сарайының директоры Айгүл БАЙСЫМАҚОВАҒА жолығып, тау етегіндегі балалардың бақытты мекенінің бүгінгі жәй-күйі, тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан едік.



жұлдыздардың, планеталардың және галактикалардың айқын және жарқын бейнелерін қамтамасыз ететін түнгі бақылауларға арналған. Төртіншісі – Coronado хромосфералық телескопы – Күннің белсенділігі мен оның Жерге әсерін зерттеуге бірегей мүмкіндіктер беретін күндізгі күнді бақылау үшін арнайы жасалған.

Телескоптардың әрқайсысының кескіні керемет әрі сапасы жоғары. Сонымен қатар, телескоптар объектілердің ең кішкентай бөлшектерін, тіпті ғарыштың терең айлағын да көруге мүмкіндік береді. Жоғары оптикалық технологиялар зерттеушілерге таңғажайып визуалды эффекттерді ұсынады. Сондықтан бүгінде бұл обсерватория қаланың жас тұрғындары үшін ғарыш саласындағы зерттеулер, планеталар мен галактикаларды іздеу, соны жаңалықтар ашу орнына айналып отыр.

Жалпы, жаңғырту жұмыстары

Халықаралық геоақпараттық технологиялар мен бағдарламалау байқауының лауреаты, Виктория Графеева, Сенім Әбдібай, Асылхан Арсен бокстан республикалық және халықаралық турнирлердің жеңімпазы атанды.

Тек 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша Оқушылар сарайының педагогтары түрлі бағыттар бойынша 704 лауреат дайындады. Жалпы, жаңғырту жұмыстары балалардың халықаралық деңгейдегі жетістіктерге жетуіне мүмкіндік берді дер едім.

Бәсекеге қабілеттілік маңызды

– Білім берудің басты міндеттерінің бірі – балаларды ерте бейіндеу арқылы ересек өмірге бейімдеу. Оқушылар сарайында бұл тұрғыда қандай бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде? – Әртүрлі мамандықтардың ерекшелік-

ТАЛАНТТЫ ТАНЫТҚАН БОСАҒА

Жаңғырту жұмыстары жүргізілді

– Айгүл Болатбекқызы, алдымен Алматы қаласындағы қосымша білім беру оқушылар сарайының тарихымен аз-кем таныстыра кетсеңіз?

– Оқушылар сарайы 1983 жылы салынған қаламыздағы ең көркем, тарихи маңызы бар сәулет нысаны болып табылады. Бұл зәулім ғимараттың бой көтеруіне кемеңгер Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың еңбегі зор болды. Содан бері қаншама уақыт өтсе де, тұғыры мықты ғимарат ұрпақтан-ұрпаққа қызмет етіп келеді. Дәл қазіргі кезде нысанның жалпы алаңы 35 мың шаршы метрден асады.

– Жөндеу, жаңғырту жұмыстарынан соң мұнда қандай өзгерістер болды? Жалпы, жаңғырту жұмыстарының білім беру қызметінің сапасын арттыруға әсері болды ма?

– Қала басшысының қолдауымен білім беру орталығын дамыту, инновациялық оқыту әдістемелерін енгізу, сандық ресурстарды пайдалану, сонымен қатар, білім беру қызметтерінің аясын кеңейту мақсатында арнайы Концепция әзірленген еді. Сол негізде Оқушылар сарайының іші мен сыртында кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Жаңғыртудың басты мақсаты ретінде балаларға қосымша білім беру мен дамытудың жаңа бағыттарын енгізіп, материалдық-техникалық базаны нығайту және дамыту, қосымша білім беру үшін балалар мен жасөспірімдердің қамтылуын арттыру сияқты өзекті мәселелерді шешу тұрды. Жаңғырту жұмыстары сол мақсаттарға қол жеткізді.

Мәселен, Оқушылар сарайында жаңғырту жұмысы басталғанға дейін 175 балалар бірлестіктері, яғни үйірме мен секция жұмыс жасаса, қазір олардың саны 223-ке жетіп отыр. Сонымен қатар, инновациялық ғылыми-техникалық бағыттағы бірнеше үйірме ашылды. Қала оқушылары үшін Кванториум (IT, Аэроғарыш құрастыру, Гео, Робототехника), Hi-Tech орталығы (Дрондар зертханасы, VR Lab); Creative орталығы (Дыбыс жазу студиясы, ТВ студиясы, Анимация студиясы); Science орталығы (Физика, Химия, Биология бойынша ғылыми зертханалар, Гидропоника, т.б.) және бұрыннан жұмыс істеп тұрған балалар бірлестіктерінің ауқымы артты. Бұған қоса, Салтанат залы, Мәрмәр залы, Көрме залы, Орталық холл, Обсерватория, Планетарий қайта жөндеуден өткізіліп, Конференц-зал жаңадан ашылды.

Заманауи материалдар мен энергияны тиімді пайдаланатын және оны үнемдейтін жабдықтарды қолдану арқылы инженерлік желілер мен жүйелер, оқу бөлмелері

бойынша толық жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа оқу жабдықтары мен құралдар орнатылды. Әрине, жаңғырту жұмыстарының жүргізілуі өте тиімділігімен де ерекшеленіп отыр.

Мәселен, эксплуатациялық шығындарды қысқартуға, инженерлік желілердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл жұмыстар ең алдымен, қала құрылысы, инженерлік зерттеулер, сәулет-құрылыс жобалау және құрылыс жұмыстарын реттейтін нормативтік актілер жиынтығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Өткен оқу жылында Оқушылар сарайының оқу кабинеттері мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға арналған залдары жаңартылды. Бұл жаңғырту жұмысы қосымша біліммен қамтылған балалар санының 8200-ден 15 100-ге дейін артуына мүмкіндік берді. Ал ағымдағы оқу жылында Үлкен концерттік залда жүргізілген жаңғырту жұмыстары аяқталды. Міне, өзіңіз байқап отырғандай, модернизацияланудан кейін, Оқушылар сарайының жобалық қуаты осындай мүмкіндікке ие болып отыр. Сонымен қатар, тарихи ғимараттың алғашқы келбеті сол қалпында сақталды.

Кез келген бала ғарышкер болуды армандайды

– Оқушылар сарайындағы обсерватория туралы да тарқатсаңыз...

– Оқушылар сарайының тарихы 1983 жылдан бастау алса, обсерватория да дәл осы жылы ашылады. Аталмыш обсерватория Оқушылар сарайы ғимаратының композициялық шешіміне үйлесімді түрде тоқылған әрі оның галактиканың спиралы іспетті. Сол кезде осы жобаны қолға алған автор В.Ким «барлық балалар жұлдыздарды жақсы көреді, сондықтан бұл орында олар жиі бас қосатын болады» деп, өзінің жобасына түсінік берген екен.

Айтса айтқандай, кез келген бала ғарышкер болуды армандайды. Міне, біздің обсерватория сол армандарды жүзеге асыратын алаңға айналып отыр. Осылайша өз тарихында күрделі жөндеуден өткен Оқушылар сарайының екінші тынысы ашылып, 20 жылға жуық үзілістен кейін нағыз обсерватория өз жұмысын бастап кетті. Бұл ретте обсерваторияны жаңғырту – бұл Алматы қаласы әкімдігінің бастамасымен және қолдауымен жүзеге асырылған әлеуметтік жоба екенін де айта кеткім келеді. Мұндағы құрылғылар да жаңарып, жоғары технологиялық обсерваторияда зерттеушілер мен астрономия әуесқойларына ғарыштың құпияларын теңдесі жоқ дәлдікпен және егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік беретін төрт заманауи телескоп өз қызметін ұсынды.

Осы телескоптардың үшеуі – Unistellar, Sky – Watcher Dob 14, Dison 350f/3

обсерваторияны және бүкіл ғылыми-техникалық бөлімде тың жобаларды іске асыруға, инновациялық жобаларды жоғары ғылыми-практикалық деңгейде жасауға мүмкіндік береді.

Мақсат – бағыт-бағдар беру

– Оқушылар сарайының талантты ұл-қыздарының жетістіктерімен таныстырып өтсеңіз...

– Алғаш рет «Наноспутник Venus-Sat.kz» атты бірегей жоба жүзеге асырылды, бұл жобаны 2022 жылы Индонезияда өткен INNOPA әлемдік өнертапқыштар байқауының алтын жүлдегері Шолпан Аманкелді әзірледі. Оның жобасының ерекшелігі сол – ғарыштық деректерге қолжетімділікті қамтамасыз ету және оларды жаңарту үшін жасалған төмен орбиталық ғарыш серігі. Шолпанның наноспутнигі табиғи апаттар кезінде нақты аймақтардағы зақымдану деңгейі туралы алғашқы ақпаратты дер кезінде ұсына алады. Ал Әбілқайыр Чапаев, Ақшолпан Аманжолқызы мен Әлия Бибосынова, Маргарита Макарова, Әлімжан Есенгелдіұлы, Абылай Смағұл, Бекжан Мырзабай өздерінің «Күн жарқылдарын және олардың Жерге әсерін зерттеу», «Құтқарушы өрмекші», «Өте жеңіл кластағы зымыран прототипі» атты жобаларын «Balafest Jas Galym Science Quest» қалалық фестивалінде Мемлекет басшысына таныстырды.

Біздің ең басты мақсатымыз – балалардың талантын ашуға көмектесу, бағыт-бағдар беру болғандықтан Оқушылар сарайында барлық қажетті жағдайлар жасалған. Бүгінгі күні біздің балаларымыз – шығармашылық, спорттық және зияткерлік байқаулар мен жарыстардың белсенді қатысушылары, олар қалалық, республикалық және халықаралық деңгейлерде өз өнерлерін көрсетіп жүр.

Мәселен, «Сазсырнай» халық аспаптар ансамблі – Испаниядағы «Festonia Milenio» Халықаралық байқауының Гран-при иегері атанса, «Шабыт» вокал студиясының жас тәрбиеленушілері – Ресей, Өзбекстан, Түркия, БАӘ-дегі халықаралық байқаулардың Гран-при иегерлері атанды. Оқушылар сарайының джаз оркестрі – АҚШ-тағы Халықаралық джаз конференциясында 1-орын алды, ал музыка мектебінің оқушылары – Мәскеудегі «Art royal» фортепиано өнері жарысының және Санкт-Петербургтегі «Виват» Халықаралық ашық өнер және орындаушылық шеберлік байқауының жеңімпазы, «Достар» балалар хоры – Қазан қаласындағы «Свободная птица» Халықаралық вокалдық байқауының лауреаты, «Золотые струны» ансамблі – Бішкек қаласындағы «Sounds of Asia» халықаралық байқауының Гран-при иегері, Айсулу Оразалина – Иркутск қаласындағы «Info GEO»

терін бала кезінен жақсы түсінген оқушы болашақта қай салада оқып, қай жерде жұмыс істейтінін сенімді түрде таңдай алады. Ғылыми-техникалық бағыттағы үйірмелер мен студиялар инженерлік мамандықтар бойынша – инженер-геодезист, инженер-конструктор, инженер-электроник, масс-медиа саласында – журналист, дизайнер, фотограф және видеооператор, VR-әзірлеуші блогер сияқты кәсіптердің дағдыларын қалыптастырады. Экологиялық-биологиялық бөлімшеде балалар гидроэколог, биоэколог, геоэколог, өндірістік эколог, экологиялық консультант, лаборант-эколог сияқты мамандықтар бойынша бастапқы дағдыларды меңгереді.

Оқушылар сарайының «Өрнек» балаларға арналған жазғы лагері аясында «Астрофизика», «Программалау», «Өнеркәсіптік дизайн», «Робототехника», «Art&Science», «Туризм» сияқты бағыттар бойынша профильдік ауысымдар өткізіледі. Оқушылар сарайының педагогтары мен тәрбиеленушілері ерте кәсіби бағдар беру мақсатында халықаралық және республикалық конференциялар, семинарлар мен көрмелердің тұрақты қатысушылары болып, олар сол жерде жаңа ынтымақтастыққа жол табады.

Сондай-ақ, «Digital Almaty 2025» инновациялық даму және цифрландыру саласындағы жетекші халықаралық алаң аясында – Ұлттық ғарыштық зерттеулер орталығымен ынтымақтастық туралы Меморандумға келісім жасалды. Жоспарда ТЖКБ және жоғары оқу орындарымен бірлесіп жобалық кеңселер-лабораторияларды ашу бойынша жұмыстар жүргізу қарастырылған.

Білім беру ортасын дамыту, оқытудың инновациялық әдістерін, жаңғыртуға негізделген цифрлық ресурстарды енгізу, қосымша білім беру саласындағы инновациялық нысандарды, әдістер мен тәсілдерді әзірлейтін, біріктіретін және енгізетін білім беру, ғылыми және шығармашылық орталық ретінде Оқушылар сарайының бәсекеге қабілеттілігін арттырады сөзсіз.

– Алдымызда жазғы демалыс кезеңі. Ата-аналар да балаларының бос жүрмей, пайдалы үйірмелерге барғанын қалайды. Оқушылар сарайындағы үйірмелерге қалай қатысуға, ата-аналардың кімге, қайда хабарласуына болады?

– Оқушылар сарайындағы бірлестіктердің бағдарламасы балалардың болашақ кәсіби бағыт-бағдарын айқындауға көмектесетін негізгі дағдыларды дамытуға мүмкіндік беруге бағытталған. Сондықтан Оқушылар сарайына келем деген 6–17 жас аралығындағы барлық тілек білдіруші балалар мемлекеттік қызметтер порталы арқылы bilim.maty.kz сайтына тіркелуіне болады.

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

МАЙДАНГЕР



АА

Нұрлан
СҮЙІН

Сібір суығына шындалған бозбала

Ғасыр жасаған майдангер Александр Степанұлы 1925 жылдың 30 мамырында теріскей Алтайдағы Барнаул қаласында дүниеге келіпті. Бәлкім, сол Алтайдың алапат табиғаты, Сібір суығы шыңдағанынан болар, майдангер ғасыр белесіне тың қалпымен жетті. Мінеки, 100 жасын Алматыда айрықша қарсы алып отыр. Бір ғасырлық жад-сындағы ескі күннің естеліктерін жігіт ағасы сынды айтып отырған ақсақалға разы болмасқа шара жоқ.

«Мен сонау Барнаулда дүниеге келіппін. Кеңес үкіметі билікке таласқан кезеңде. Сібірдің суығына шындалып өстік. Өмір көруге, білім алуға ұмтылдық. Новосибирск қаласында техникумда оқып жүргенде соғыс басталды. Сол кездегі барлық бозбаланың көкейіндегі «Қару алып, Отанды қорғасам» деген ой менде де болды.

1943 жылы 18 жасқа толғанда Қызыл Армия қатарына шақырылдым. Азды-көпті білімі бар мені техникум бітіріп үлгермесем де, Карель майданына байланысшы қылып жіберді. Біз майдан шебін күшейтіп, Финляндиямен арадағы шекараны мықтап ұстауымыз қажет болды», – дейді майдангер ақсақал.

Иә, ол еске алып отырған кезең соғыстың көрігі қызып, одақтас республикалардың барлық шекаралары қатаң қорғауды талап етіп тұрған шақ болатын. Жаһандық жанжалдың бел ортасында жүрген Жапониямен де, содан сәл ғана бұрын арада соғыс болған Финляндиямен де шекараның сезімтал шақтары-тын. Осындай андысқан алаң мен жауаптасқан майданға аттандырылған жас Саша туған топырағынан сіңірген ширақтық пен алғырлықтың арқасында майданға да тез-ақ бейімделіп кеткен.

«Алтай өлкесінде туған маған Фин орманының қатал қысы, қалың қары аса бір ауыр қиыншылық болып сезілген жоқ. Оның үстіне техникумда оқығаным бар, әскери өмір де байланысшы болу да аса қиынға соқпады. Бірақ нағыз қанды шайқас, қасап майданды, кейін, 1944 жылы 1 -Украин майданына жіберілген соң көрдім ғой», – дейді Александр Степанович

Бұл – жаудың Совет жерінен шегініп, соғыс әрекеттерінің соғыс көксеген фашистік Германияның өз жеріне қарай ойыса түскен кезі болатын. Батысты бетке алған Қызыл Армияның екпіні де еселеніп, тегеуріні де беки түскен кез. Бірақ ерлікке қай кезде де орын бар. Жеңісті көкжиектен көргендей болған жауынгерлердің алдында фашистерді ойсырата жеңумен қатар, тұтас Шығыс Еуропаны азат ету сынды тарихи міндеттері тұрған еді.

Сержант Александр Журавлев бұл майданға артиллерия әскерінің барлаушы-байланысшысы болып түсті. Бұл дегеніңіз, жаяу әскермен бірдей боп қаруланып, оған қоса байланыс құралдарын асынып алғы шепте жүру деген сөз. Ал барлаушы-байланысшылардың маңызы мен міндеті айтпаса да түсінікті. Олардың әрбір әрекеті жүздеген серіктесінің, мыңдаған отандасының тағдырына әсер етіп отырады. Алғы шептен барлау пунктіне, штабқа жау қорғанысы жайлы, дұшпанның шоғырланған, пулемет, артиллерия тұрған жерлері жайында ақпар беру. Кейіпкеріміз байланысшы болып жүріп те талай ерлік жасады. Әсіресе, Эльба өзенінен өткендегі шайқастар ардагердің әлі есінде тұр. Алғашқы «За боевые заслуги» медалін де осы кездері алған. Кәмелетке тола сала соғысқа алынған «сибиряк» осылай сұрапыл майданның қылыштай жүзінде шындалып, өмір мен өлім ортасында қанаты бекіді.

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРІ

Қазақстандағы бейбіт өміріне дән риза

Жастығының жалынын майданның отына аптап, суығына суарған майдангер Александр Степанович Журавлев Алматының көп жылғы тұрғыны. Ол Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында жүз жасқа толды. Бұл күнде өзінің жетпіс жылға жуық отасқан жарымен бірге Алматының әсем бақтарын аралап, бейбіт күннің зейнетіне мол ризашылығын білдіріп келеді. Қарт жауынгер Қазақстандағы бейбітшілік пен тыныштықтың тілеуін тілеп, Отанның қамқорлығын ұдайы айтып отырады.

«Жеңіс хабарын Прагада естідік»

Соғыстың соңғы легінде Қызыл Армия Орталық Еуропаға қарай сұғына түсті. Артиллерист-барлаушының жауынгерлік жолы майданның ортасында жалғасып жатты. Соғысып жүріп фашизм ордасы Берлинге де жеткен жауынгер Журавлев.

«Соғыстың аты – соғыс. Оның басы-аяғы, ерлік көрсететін жері, бұғып қалатын тұсы болмайды. Бастысы, аман қалып, әрі қарай соғысу. Соғысып жүріп, Берлинге де жеттік», – дейді жеңіс жауынгері.

Маршал Жуковтың басшылығындағы армия 1945 жылдың сәуірінің соңғы күндерінде Берлинде жеңісті шайқастар жүргізді. Ақыры Рейхстагқа қазақ батыры, лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен жауынгер Григорий Болатов бірінші болып Ту тігіп, бұл жеңіс хабары күллі әлемді шарлап кеткен. Бұл кезде Александр Журавлев үшін соғыс әрі қарай жалғасып жатқан болатын. Фашистік Германияның үлкен қаласы Дрезденді, Чехословакия астанасы Праганы азат етуге қатысты. Жеңіс жайлы хабарды сол Прагада естіпті.

«Әлі есімде, жеңіс, фашистердің капитуляциясы жөнінде Прага қаласында естідім. Сол күні атыс жоқ, соғыс жоқ дүние бір сәтте тып-тыныш болғандай еді. Әйтсе де, біз үшін әскери өмір жалғасып жатты», – деп еске алады қарт майдангер сол күндерін.

Ол кезең соғыстан соң майданға шақырылған, дені 18–20 жастағы жауынгерлерді әскерде қалдырылған уақыт еді. Александр да әскери қызметті жалғастыруға қалдырылып, Кавказ округіне жіберілген. Содан 1950 жылға дейін Дағыстанда старшина боп қызмет етті. Жеңіс жауынгері солдаттарды тәрбиеледі, білгенін үйретті. Жеңістан шаршаған армияның жаңа буын жауынгерлермен толықтырды. Ол кезде соғыс көрген буынның тәжірибесі әскерге керек-ақ еді. Сонымен, жеті-сегіз жылда әскери, өмірлік тәжірибе жинақтаған Александр отыз жасында

отанға оралды. Оны алда бейбіт өмір, еңбекпен өрілген болашақ күтіп тұрған болатын.

«Қазақстан азаматы екеніме ризамын»

Ғасыр жасаған жеңіс жауынгеріне соғыстан кейінгі өмірі жайында түрлі сауалдарымызды қойдық. Ардагер ұзақ өмірін кейде толқып, кейде тебіреніп еске алды. Өмірлік естеліктерін шола отырып, өз өміріне разы екенін, әсіресе, Қазақстанда, Алматыда өткен жарты ғасырлық ғұмырына шексіз ризашылығын жасырмады.

Әскери өмірден оралған жауынгер Томск қаласындағы политехникумға түсіп, үзіліп қалған оқуын жалғастырады. Техникумнан кейін инженер-құрылысшы мамандығы бойынша институтқа түсіп, оны үздік бітіреді. Отбасын құрып, жары Мария Николаевна екеуі жолдамамен «жабық қала» Норильскке келеді. Норильск солтүстігі қысы алпыс градус, жазы екі-ақ ай болатын өңір еді. Ол жағдай сібірлік жігітке әсер ете қоймады. Жұмысты прораб боп бастап, Норильск қаласының бас құрылысшысына дейін өсті. Құрылысқа қатысы бар екі мың адамды ұйымдастырып басқарды. 1974 жылы тағдырында үлкен өзгеріс болды. Сол жылы Одақтың Машина жасау министрлігінің шақыруымен жұмысы Қазақ КСР астанасы Алматыға ауысты. Алматының құрылыс саласында жұмысын бастады.

«Өмірімде осындай өзгеріс болғанына бүгінгі күнге дейін қуанамын. Алматыға келіп, адал еңбектің арқасында қызметте де, ортада да абыройлы болдым. Алматы деген қанша жұмыс істесең де шаршамайтын жер ғой. Жалпы, Қазақстанның табиғаты, халқының пейілі ерекше ғой. Қараңызшы, кеше бірге болған көрші мемлекеттерде түрлі жағдай, ал бізде бейбітшілік. Біз Қазақстанның бар игілігін көріп отырмыз. Мен Қазақстан азаматы екеніме ризамын», – дейді ардагер.

Ардагер еске алғандай, құрылысшы-инженер Александр Журавлевтың қолтаңбасы Алматының әр жерінен табылады. Алматының СМУ мекемесінде істеп жүріп, Аэровокзал, Экономикалық сот ғимараты, бес мектеп, көппәтерлі үйлер салды. Абыройлы болды, атаққа илінді. Мемлекеттік наградалармен марапатталды. Жергілікті кеңестің депутаты болды. 1980 жылы зейнетке шықса да, қарап отыра бергісі келмеген ардагер үй-коммуналдық мекемесін, саяжай кооперативін басқарды. «Осы жасқа жетуім – тынымсыз қозғалыстың арқасы», – дейді ғасыр куәгері. Қазірдің өзінде тынбай әрекеттенуге тырысатын ол өмірлік жолдасымен бірге Алатаудың баурайын аралап, Алматының әсем көрінісін қызықтап бейбіт өмірдің, тыныш күннің шуағына шомылуды ұнатады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.





ЕҢБЕК АДАМЫ

Жомарт АХШАЕВ: МЕЙІРГЕР МІНДЕТІ – ШЫН КӨҢІЛМЕН КҮТІМ ЖАСАУ

Ақ халатты абзал жандардың ішінде үнсіз еңбек етіп, өз ісімен ғана көзге түсетін жандар болады. Солардың бірі – Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Кардиореанимация бөлімінде он үш жылдан бері мейіргер болып қызмет етіп жүрген Жомарт Сабырұлы АХШАЕВ. Ол тек кәсіби маман ғана емес, жүрегі жұмсақ, сабыры мол, жанын сала жұмыс істейтін нағыз мейірбан жан. Дәрігерлер мен Балаларды қорғау күні мерекесі қарсаңында біз онымен балалардың денсаулығы, ауыр дертпен күрес, ата-ананың рөлі мен мейіргер мамандығының мәні жайлы әңгіме құрдық.

Кішкентай жүректер ауырмасын!

– Жомарт мырза, ақ халаттылардың қатарынан көріну бала күнгі арманыңыз ба еді? Алдымен өзіңіз туралы айтып өтсеңіз...

– 2003 жылы Алматы қалалық медициналық колледжіне оқуға түсіп, 2007 жылы тәмамдадым. Содан бері медицина саласындағы еңбек жолым басталды. Алғашқы бес жыл Орталық клиникалық ауруханада ересектер бөлімінде еңбек еттім. Кейіннен, 2012 жылы Педиатрия орталығында кардиореанимация бөлімі ашылғанда, балалармен жұмыс істеуге бет бұрдым.

– Балалармен жұмыс істеу ересектерге қарағанда өзгеше шығар...

– Иә, олар – басқа әлем. Балада бөтен ой болмайды. Олардың жаны таза. Дәрігерлерге сеніммен қарайды. Олар ауырса – шынымен ауырады. Күлімдесе – шын жүрегімен күлімдейді. Мұндай сәттер бізге де күш береді. Бала тез сауығады, өйткені ол өмірді қалайды. Ал үлкен адамдар кейде үміт үзіп, өмірден түңіледі... Ал балалар – керісінше, өмір сүру үшін күреседі. Сол себепті, ем де жақсы сіңеді, тез жазылып кетеді. Әрине, бұл ата-ананың қолдауына да байланысты.

– Жұмыс кезінде жанарыңызға жас толған сәттер болды ма?

– Иә... Ең есте қалған оқиғам –



Алмас деген жігіт болды. Ол кезде ересектер бөлімінде жұмыс істеп жүргенмін. Достары оны екі күн бойы таппай қалып, МЧС шақырады. Пәтерге кіргенде, естүссіз жатқан. Басынан қатты жарақат алған екен. Соққы. Мидың ішіне қан құйылған. Алты ай бойы біздің реанимацияда жатты. Шешесі – қарапайым жұмысшы. Күнде кешке келіп, үнсіз жылайтын. Ал жігіттің қалыңдығы күн сайын реанимацияның алдына келіп, екі сағаттай отырып қайтатын. Күнде-күнде. Ешкімнен ештеңе сұрамайды, не кетіп қалмайды. Тек күтеді. Үнсіз үміт... Кейін Алмас есін жиды. Одан кейін тағы бір нейрохирургиялық ота жасалды. Сол кезде қайта кездестік.

Уақыт өтті. Бір күні аурухана сыртына шықсам, қарсы алдымда Алмас тұр. «Жомарт аға, мен үйлендім. Сол қызға... Ол мені күтті», – деді. Сол өзім қарап, күтіп, емдеген пациентімнің бақытты сәті әлі есімнен кетпейді. Қатты қуанған едім. Иығынан қағып, бақыт пен ұзақ ғұмыр тіледім.

Қарапайым жұмыс емес, өмір үшін күрес

– Мұндай бөлімде жұмыс істеу үшін қандай қасиеттер керек деп ойлайсыз?

– Ең алдымен, сабыр. Бұл жерде эмоцияға берілсең, жұмыс істеу қиын. Әр баланың жағдайы ауыр, бірақ біз бар күшімізді салып, аман алып қалуға тырысамыз. Бірте-бірте етің үйренеді. Бірақ әр сәттің маңызды – кейде бір минут кешіксең, бала өміріне қауіп төнеді.

– Жұмыстарыңыз маңызды болса да, көп көзге түсе бермейсіздер. Бұл ауыр тимей ме?

– Біз даңқ үшін емес, жан үшін жұмыс істейміз. Баланың тынысы қалпына келіп, ананың көзіне күлкі оралса – біз үшін сол жетістік. Мейіргердің міндеті – дәл, жүйелі, шын көңілмен күтім жасау. Дәрігердің тағайындауын үлкен жауапкершілікпен, тиянақты орындау. Баланың жағдайын сағат сайын бақылау, дәрісін

уақытылы беру, дәретіне дейін тіркеу, жөрегін ауыстыру, суын өлшеу... Бұл – қарапайым жұмыс емес. Бұл – өмір үшін күрес.

– Баланың жылауы кейде бізге түсініксіз көрінеді. Сіздер қалай анықтайсыздар?

– Бала бекерден-бекер жыламайды. Әрбір мазасыздықтың себебі бар. Мейлі ол ішкі ауру, мейлі жөреггі ауысатын уақыт... Біз бәрін тексереміз. Себебі, бала сөйлемейді, ол тек жылау арқылы сырын жеткізеді. Сондықтан бізге қырағылық пен сезімталдық аса қажет.

Бұл – жүректің ісі

– Ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең бастысы – сабыр және дәрігерлерге сенім. Ата-ана күмәнданса, балаға да кері әсер етеді. Екіншіден, бала – нәзік. Оны ұрсып емес, түсіністікпен тәрбиелеу керек. Дәріні уақытында беру, жақсы күтім жасау – бәрі өте маңызды. Біз балаңыз үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Сабырлы болыңыздар. Балалар ата-анасының күйін сезеді. Егер сіз күйзелсеңіз – бала да күйзеледі. Ал бізге керекі – сіздің сабырлығы мен балаңызға сеніміңіз» деп айтар едім.

– Сіздіңше, мейіргер мамандығы қандай құрметке лайық?

– Біз көзге көп көріне бермейміз, бірақ біздің жұмыс – тіршілікпен тең. Ауыр, әрі жауапты. Айлығымыз жоғары емес. Бірақ бұл – жүректің ісі. Егер мейіргер болам десең, жаныңда мейірім, бойыңда төзім, ал жүрегіңде сенім болуы керек.

– Уақыт бөліп, жүрекке жылы әсер қалдырған әңгімеңіз үшін алғыс айтамыз. Сіз сияқты жанкешті, сабырлы мамандардың еңбегі – балалар денсаулығының ең сенімді тірегі. Қызметіңізге табыс, ал шаңырағыңызға амандық тілейміз!

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

БАЛА САУЛЫҒЫ – БОЛАШАҚ САУЛЫҒЫ «Денсаулығыңды тексер» атты профилактикалық акция өтті

Алматы қаласындағы №118 мектеп-гимназиясында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ерекше медициналық-профилактикалық акция ұйымдастырылды. «Денсаулығыңды тексер» атты бұл іс-шара №11 қалалық емханамен бірлесіп өткізілді. Іс-шара аясында мектеп оқушылары медициналық тексерістен өтіп, арнайы сертификат алды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Балалар денсаулығына назар аударуға бағытталған шараға 120-ға жуық бала қатысты. Акцияның мақсаты мен мазмұны жайлы №11 қалалық емхананың профилактика және психоәлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі Алёна Зекунова айтып берді:

– Бұл іс-шара балалардың денсаулығын қорғауға, аурулардың алдын алуға бағытталған. Бүгінгі медициналық тексеру – балалар үшін аса маңызды

профилактикалық іс-шара. Мұндай тексерулер бала денсаулығын бақылауда ұстауға, ауруларды ерте кезеңде анықтауға, сонымен қатар, оның психофизикалық дамуын бағалауға көмектеседі. Баланың алғашқы дәрігерлік бақылауы ол әлі нәресте кезінде-ақ басталады. Ал бір жастан бастап 17 жасқа дейін олар жыл сайын толық тексерістен өтіп тұруы керек. Кейбір жас кезеңдерінде тереңдетілген диспансерлік бақылау да қарастырылған. Бүгінгі тексеру нәтижесінде балалар арасында жиі кездесетін артық салмақ, көру қабілетінің нашарлауы, сколиоз және кариес сияқты мәселелер анықталды. Бұл аурулар сырт көзге байқалмауы мүмкін, сондықтан осындай жоспарлы профилактикалық іс-шаралар олардың алдын алуға көмектеседі, – дейді Алёна Зекунова.

Арнайы іс-шара балалардың өз денсаулығына назар аударуға



ынталандырады дейді №118 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дильназ Нурдун.

– Жыл сайын 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай осындай ауқымды іс-шара ұйымдастырамыз. Биылғы акция да осы дәстүрлі іс-шара аясында өтті. №11 емхананың қолдауымен жүзеге асқан бүгінгі тексеру балалардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына түрткі болды деп сенеміз. Балалар өз денсаулығы туралы нақты ақпарат алды. Бұл әрі мектеп, әрі емхана үшін үлкен жетістік деп есептейміз, – дейді Дильназ Нурдун.

Мектеп жасындағы балалардың денсаулығы – қоғам болашағының негізі. Себебі, дәл осы кезеңде баланың ағзасы қарқынды дамып, түрлі өзгерістерге ұшырайды. Уақытылы тексеру мен алдын алу – олардың денсаулығын ұзақ жылдарға сақтаудың ең тиімді жолы. «Денсаулығыңды тексер» акциясы балалардың денсаулығына сергек қарауға, салауатты өмір салтын ұстануға, әрі ата-аналар мен ұстаздардың денсаулық тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауына зор үлес қосты.

ДӘРІС

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ КЕҢЕС

Алматыдағы №7 қалалық клиникалық аурухана жанындағы емханада тұрғындарға психолог-мамандар «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбына дәріс оқыды.



Нұржамал
ӘЛІШ

Іс-шара жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау бойынша жұмыс аясында, ерте жүктіліктің ықтимал қатерлері мен салдарлары туралы жастарды хабардар ету мақсатында ұйымдастырылды.

Дәріс барысында жыныстық жетілу ерекшеліктері, ерте жыныстық байланыстың денсаулыққа кері әсері, сондай-ақ ерте жүктіліктің алдын алу амалдары талқыланды. Дәрігерлер өмірлік маңызды жақсы әдеттерді қалыптастырудың және өзінің болашақта сау ұрпақты болу денсаулығына жауапкершілікпен қараудың маңыздылығын атап өтті.

Психолог-мамандар отбасында жасөспірімдермен қазақи тәрбиені сақтай отырып, жыныстық тәрбие мәселесін ашық әңгімелесу маңыздылығына назар аударды. Сонымен бірге, қиын өмірлік жағдайларға тап болған жасөспірімдерге психологиялық қолдау көрсету және кеңес беру аспектілері тілге тиек болды.



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН–СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Темірбек Жүргенов – ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді жаңғыртуға айрықша үлес қосқан тұлға

1933–1937 жылдары Қазақ АКСР-інің Оқу халық комиссары қызметін атқарған мемлекет және қоғам қайраткері – Темірбек Қараұлы Жүргенов жазықсыз жала жабылып, репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі. Негізсіз айыптармен «халық жауы» деп танылып, тергеусіз сотталып, ату жазасына кесілді. Ол және өзге де қуғын-сүргін құрбандары туған халқына шын берілген, елінің өркендеуі үшін қажырлы еңбек еткен тұлға. Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін сақтауға және дамытуға айрықша үлес қосты. Бүгінде Қазақстандағы білім беру, ғылым, өнер мен мәдениеттің қалыптасуын Жүргеновсіз елестету мүмкін емес.



Темірбек Жүргенов – орыс, қазақ, араб, парсы және көне өзбек тілдерін жетік меңгерген, халық эпосы мен музыкасын, дәстүрлі музыка өнері мен халық аспаптарын жоғары деңгейде меңгерген. 1898 жылы Ақтөбе облысында дүниеге келген. Анасы ерте қайтыс болған соң, әкесі оған жақсы білім беруге тырысты. Тұрмағамбет Ізтілеуовпен бірге білім алып, орыс-қазақ бастауыш мектебін бітірген соң, Орта Азия мемлекеттік университетінің Заң факультетін 1927 жылы тәмамдаған. Жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде-ақ Жүргенов Қазақ АКСР-дың Түркістан Республикасындағы өкілетті өкілі (1924–1926) қызметін атқарды, Қазақстан мен Орта Азияның ұлттық-мемлекеттік межелеу үдерісіне белсенді қатысты. 1926–1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ

педагогикалық институтының ректоры болды. Кейін Тәжік КСР Қаржы халық комиссары (1929), Өзбек КСР Халық ағарту комиссары (1930–1933) қызметтерін атқарды. 1933 жылы ол Қазақ АКСР-інің Оқу халық комиссары қызметіне тағайындалып, еліміздегі оқу-ағарту жүйесін дамыту, сауатсыздықты жою, жалпыға бірдей бастауыш білім беру сияқты стратегиялық міндеттерді іске асыруға белсене кірісті. 1933 жылғы 21 қыркүйекте Қазақ өлкелік комитеті сауатсыздықты жою туралы қаулы қабылдады. Алайда, жаңа латын әліпбиінің енгізілуі жұмысты қиындатты, себебі ересек халық бұрынғы араб жазуын ғана білетін. Ол кезде бастауыш мектептер көшпелі, маусымдық сипатта болып, қысқартылған оқу жоспарымен жұмыс істейтін. 1934 жылғы қаулы

негізінде Қазақстан мектептеріне жаңа құрылым енгізіліп, бастауыш (1–4-сынып), толық емес орта (1–7-сынып) және орта мектептер (1–10-сынып) жүйесі қалыптасты. Темірбек Жүргенов ғылым мен жоғары білім саласына да елеулі үлес қосты. Қазақ мемлекеттік университеті, ауылшаруашылық, медициналық, малдәрігерлік-зоотехникалық, тау-кен металлургиялық институттар, сондай-ақ Қызылорда, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Қарағанды қалаларында мұғалімдер институттары ашылды. Қазақ консерваториясы құрылды. Өнер мен мәдениет саласында да тың бастамалар жүзеге асты. Қазақтың алғашқы музыкалық театры – қазіргі Қазақ опера және балет театры, қазақ және орыс драма театрлары құрылды. Халық аспаптар оркестрі, киностудиялар мен мұражайлар ашылып, кәсіби өнердің негізі қаланды. 1934 жылы Қазақстанда халық өнерпаздарының алғашқы слеті өтті. Бұл іс-шара ауыл-аймақтардағы өнер иелерінің шығармашылығын ашып көрсетті. 1935 жылы балалар үйлеріндегі дарынды балалардың басын қосқан жиын өтті. Темірбек Жүргенов халық мәдениетін жинап, насихаттауға үлкен көңіл бөлді. Ол Фирдоусидің «Шах-намесінің» қазақша қолжазбасын тауып, қазақ мұраларын зерттеуге Ташкент, Түркістан, Шымкент қалаларына экспедициялар ұйымдастырды. 1930 жылдары

Жүргенов Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіру туралы Ленинградтағы материалдық мәдениет академиясына хат жазып, батыл қадам жасады. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі – Жүргеновтің мәдени саясаттағы ең ірі жетістіктерінің бірі. Қазақ өнері мен әдебиетінің байлығы мен өзіндік ерекшелігін кеңестік жұртшылық таныды. Бұл іс-шараның қорытындысы ретінде Жүргенов пен қазақ өнер қайраткерлері Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Темірбек Жүргеновтің тағдыры – Сталиндік репрессияның қайғылы көрінісі. Ол 1937 жылы 2 тамызда қамауға алынып, 1938 жылы 25 ақпанда ату жазасына кесілді. 1957 жылы қылмыс құрамының жоқтығына байланысты толық ақталды. Отбасы да қуғын-сүргінге ұшырап, әкесі Қара Жүргенов, бауырлары Қожан, Досжан, Ысқақ ату жазасына кесілді. Жұбайы Дәметкен Әмірханқызы АЛЖИР лагеріне айдалып, кейін ақталып, өмірінің соңына дейін күйеуінің есімін қайта қалпына келтіру жолында күресті. Бүгінде Темірбек Жүргеновтің есімі мәңгілікке жаңғыртылды. Алматыдағы көшелердің бірі мен Қазақ ұлттық өнер академиясына оның есімі берілді. Академия алдында ескерткіші орнатылды. Ақтөбе облысындағы бір ауыл мен Астанадағы №70 мектеп оның есімімен аталады. Бірақ ең басты ескерткіш – оның халқына сіңірген өлшеусіз еңбегі мен мәдени мұраға қосқан үлесі, сондықтан Темірбек Жүргеновтің өмірі мен ерлігін мәңгі есте сақтауға ұрпақтарымызға аманат етеміз.

Алмажан ӨТЕҒАЛИЕВА,
тарих ғылымының кандидаты.

АРМАНДА КЕТКЕН АСЫЛ ЕР

«Халық жауы» Сәрсенбай Бейсембетов туралы не білеміз?

Кеңестік қуғын-сүргіннің аяусыз азабын тартып, жазықсыз жазаға кесілген Сәрсенбай Бейсембетовтың ең соңғы атқарған қызметі Алматы облыстық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі лауазымы болыпты.

Оның өмірбаяны мен қызметіне қатысты толтырылған сауалнамалар ҚР Орталық архивінің Қазақ Орталық Атқару комитетінің 5 қорында сақтаулы тұр. Бұлар сол кезеңде Алматыға қызметке келгендегі өз қолымен толтырған өмірбаяндық мәліметтері. Бірінші ісі – 1930 жылдары партиялық тазалау кезінде байларға қорған болғаны, өзінің бай баласы екендігін жасырғаны үшін айыпталып, партиядан шығарылғандағысы. Кейін ақталып, облыстық деңгейде қызметке өрлегенде тағы да жеке құжаттары жинақталып, 1937 жылы «халық жауы» таңбасымен 1-категория бойынша ісі сотқа берілгендігін айғақтайтын құжаттармен жабылыпты. Құзырлы органдардың қайта-қайта қаһарына іліккен Сәрсенбай Бейсембетов кім еді?

Ол Алматы облысының Қарабұлақ болысында егінші отбасында өскен. Орыстардың приходская мектебінде оқыған. 1916 жылғы маусым жарлығынан туған қазақ ауылдарындағы дүрбелеңді көрді. 19 жасында Жетісудағы Қарқара көтерілісіне қатысты. Кеңес билігі тұрақталған тұста туған ауылы – Жалаңаш селосындағы болыстық комиссариаттың хатшысы, 1919 жылы Жаркент маңындағы ақ гвардияшыларға қарсы күреске белсене қатысып, көрсеткен ерлігі үшін есімі жазылған нағанмен марапатталған. 1920 жылы ВКП(б) қатарына мүшелікке қабылданған тұстан Шелек болысының партия ұясының хатшысы, Торайғыр ауылдық кеңесінің хатшысы, Ақтоғай болыстық, Қоңырөлең болыстық кеңестерінің хатшысы. 1923 жылы Жаркент уездік комитетінің хатшысы, 1925 жылы Шу аудандық партия комитетінің хатшысы, 1927 жылы Алматы уездік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болады.

Сәрсенбай Бейсембетов осы аталған қызметтерінде өзіне жүктелген міндеттерді атқара жүріп, 1916-1917 жылдардың «қилы заман» зардабын тартқан қазақ ауылдарының жағдайын жақсартуға, Қытайға, Қырғызстан мен Өзбекстанға қашып, бас сауғалауға мәжбүр болған қазақ шаруашылықтары (1921–1923 жылдары) ата қонысына қайтаруды ұйымдастыруға мол еңбек сіңірді.



1925 жылдың күзінде Қазақстанға келген Голощекин өзіне қарсы тұрар тегеуріні күшті қазақ басшыларын құдалай бастады. Келесі кезекте елді олардың жақтастарынан тазарту науқаны жаппай өріс алды. Еркін ойлы, жеке пікірін бүкпей ашық айтатын Сәрсенбай Бейсембетов те 1928 жылы Алматыдағы жауапты қызметінен қуылды... 1933 жылдың наурызында Голощекиннің қателіктері мойындалып, Қазақстаннан қуылысымен орнына қазақтар «Мырзажан» атап кеткен Л.И.Мирзоян бірінші хатшы болып келгенде, бұрынғы іскер басшылардың көпшілігі қайтадан қызметке тартыла бастады. 1935 жылы Сәрсенбай Бейсембетов те Алматыға келіп, Алматы облыстық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметіне кіріседі.

Өкінішке орай, 1937 жылы жаппай саяси қуғын-сүргіннің зобалаңы басталғанда Жетісудың бетке ұстар азаматтары қатарында Сәрсенбай Бейсембетов те 1937 жылы тамызда тұтқындалады. Жарты жылдан астам тергеуде отырып, азаптың небір түрін басынан кешіреді. НКВД жемдеттерінің айыптау қорытындыларында «Ораз Жандосов құрған қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық ұйымының белсенді мүшесі болған» Сәрсенбай Бейсембетовке «Қазақстандағы Кеңес өкіметін қарулы көтерілістің күшімен құлатып, оны КСРО-дан бөліп, жеке буржуазиялық Қазақ мемлекетін құрмақ болған» деген айып тағылады.

Жетісуді басқарған көрнекті қайраткер Ораз Жандосовтың тергеу ісінде ең көп аталатыны Бейсембетов Сәрсенбайдың есімі. 1924-1925 жылдар қазақ қоғамындағы тұрмыстың түзеліп, Түркістан автономиясынан Жетісу мен Сырдария облыстарының

бір орталыққа бірігуге бет бұрған кезеңде С.Бейсембетов, Ы.Көшкінов Кеген өңірінің саяси өмірінде ықпалы мол тұлғалар еді. Жандосов берген жауаптарында Алматы облысының күрделі аудандары Жаркент, Шу өңірлеріне жұмыстарды атқаруды Бейсембетовке сеніп тапсырғанын айтады. С.Бейсембетов дүнген, ұйғыр ұлтының өкілдері – Сулейманов, Мағазы Масанчи, Абдолла Розыбакиев, Ысмайыл Таировпен үзеңгілес қызмет жасап, жақсы қарым-қатынаста болған.

Бейсембетовке тағылған айыптардың ішінде шындыққа жақыны қазақ шаруаларының бас сауғалап, жан сақтаудың жолы – шекара асып Қытайды паналауға Бейсембетов қолұшын бергені және нәубет төнгенде елді аман сақтап қалудың амалы «жеке серіктестік» шаруашылықтарды сақтап қалуға «үгіттеуі» ақылға қонымды. Тағылған жалған айыптармен «халық жауы» Бейсембетов Сәрсенбай 10 жылға айдалып кете барды.

«С.Бейсембетовтың жарының азан айтып қойған аты Гүлшар болса да, ата-анасы, ел жұрты еркелетіп Шәбет деп кеткен екен. 1916 жылы патша жандармынан жасқанбай, сонау қияндағы Кегеннен Қарақолға салт атпен жалғыз келіп, көтеріліс басшыларының халін біліп, тордағы тұрымтайдай болып қараңғы қапаста отырғандарға елінің сәлемін жеткізген, ауылдың дәмін таттырған бір қазақ қызы да – осы Шәбет. Ал анасы – патша әкімдерінің қолымен суға қосып берілген удан осы түрмеде қайтыс болған көтерілістің басшысы дархан ойлы қарт Жәмекеңнің қызы». Гүлшар Әубәкірқызы 1938 жылы ұсталады. НКВД жемдеттерінің сұрақ-жауаптарында мардымды ештеңе айтпаған, тек бір тұсында «Қожановтың үйінде қонақта болғанбыз» дегенді тергеушілер қосты ма екен, бар дерегі сол.

Әйтеуір еш кінәсін мойындамаған соң, «оқымаған», сауатсыз әйелден қайыр болмас деді ме, жарты жылдан соң қамаудан босатқан. Ал Сәрсенбай Бейсембетов Ресейдің Иркутск облысының Чукша станциясында айдауда жүріп, 1950 жылғы сәуірдің 4-і күні жарық дүниемен мәңгілікке қоштасты. Небәрі 53 жыл өмір сүрді, оның 13 жылы түрме мен концлагерьдің азапты қыстағында өтті. Артында сұлу жары, ұлы Жүнісбек, қызы Мәтімхан (Мәтжан) қалды.

Б.Ж.КАБДУШЕВ,
Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (кала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (кала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (кала), 4820,40 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге

Анықтама үшін телефондар: **8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

«KEDEN» ПЛАТФОРМАСЫ сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді

Биылдан бастап заңды тұлғалар уақытша сақтау қоймаларының (УСҚ) иелерінің реестріне тіркелу үшін «Keden» платформасы арқылы электронды әдіспен өтініш бере алады. Бұл бастама Мемлекеттік кірістер комитетімен байланысты жеңілдетіп қана қоймай, жұмысты да жеделдетіп, оны барынша ашық етпек.

беруді міндеттегелі бері бұл жұмыс ықшамдалып, жеңілдеп қалған. Уақытша сақтау қоймасы – тауар айналымға енгенге дейін немесе басқа да кедендік рәсімдеуге дейін кедендік бақылауда ұсталатын (сақталатын) орын. УСҚ иесінің мәртебесін алу үшін кәсіпорын Мемлекеттік кірістер комитетіне қарайтын тиісті реестрге тіркелуі қажет.

«Keden» жүйесін қолданушылар енді өтінішті оңай бере алады. Ол үшін жеке кабинетке кіріп, электронды әдіспен цифрлы қол қойып, қажетті қызметті таңдап алып, өтініш толтырып, сосын керек құжаттарды тіркесе болғаны. Бұл жүйенің ең басты артықшылығы – жұмыс барысы ашық болып, құжатты қарайтын уақытты қысқартып, адам ықпалын азайтады. Себебі, бәрі автоматты түрде іске асады. Лауазым иесімен бетпе-бет жолықпайтын болғандықтан, бұл жемқорлықтың да жолын кеспек. Спикердің айтуынша, мұндай жаңалық кәсіпкерлерге қолайлы, әрі олардың мемлекеттік органдармен ашық әрі оңтайлы жұмыс істеуіне мүмкіндік бермек.

МҮФТИЯТ

VI республикалық имамдар форумы:

ОРТАҚ ШЕШІМ

Соңғы кездері қоғамда жиі сөз болып жатқан еске салу, ас беру рәсімі кезінде жайылатын дастархан мәзіріне нүкте қойылатын сыңайлы. Есепсіз жеміс-жидек, мол тәтті қойылып келген ысырапшылдыққа қатысты Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы «ортақ шешімге келдік» деп, ас берудің жаңаша тәртібі мен мәзірін бекіткені туралы мәлім етті.

Астанада өткен VI республикалық имамдар форумында ас берудің тәртібі мен мәзірі бекітіліп, арнайы құжатта алты түрлі тағамның түрі жазылды. Олардың қатарында нан өнімдері, шәй-су, ыстық тағам, тары-талқан, сары май, қант-кәмпит бар.

Дегенмен, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының айтуынша, әзірге бұл тек ұсыныс қана көрінеді. Бас мүфти «ешкімді міндеттемейміз» дегенімен, жиынға қатысқан имамдар енді аталмыш құжатты халық алдына шығып, кеңінен насихаттайтын болады. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы құжатты қабылдас бұрын, республикадағы барша имамдардан ұсыныс алған еді.

– *Рас, халық әртүрлі пікір айтады. Сондықтан имамдардың ұсыныстарын ескере келе, ортақ шешімге келдік*, – деді ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«МҚҰ Dostyk Credit Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзінің заңды мекенжайының өзгергенін хабарлайды. Жаңа мекенжай: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қажымұқан көшесі, 49-үй, 73-кеңсе.

Алматы қаласының Түрксіб аудандық сотында Алматы қаласы, Ғанибет көшесі, 35/29, 3-пәтер мекенжайында тұратын Илья Андреевич Горючкиннің өтініші бойынша азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы Азаматтық іс қозғалды.

22.06.1947 жылы туған Владимир Валентинович Беляевтің туған жері және соңғы жұмыс орны туралы мәліметтер жоқ. Осыған орай, В.В.Беляев жайлы мәлімет білетіндер хабарлама жарыққа шыққан күннен бастап үш ай мерзімде Алматы қаласы, Спартак көшесі, 11 мекенжайына сотқа хабарлауын өтінеміз.

Телефондары: 8 (727) 333-13-70, 8 (727) 333-13-74.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Аяжан ҚУАНЫШОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.


Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ



@aqsham_news



@aqsham_news



@aqsham_news



РУХАНИЯТ

ҚОЖА мен СҰЛТАН

досқа адалдықты дәріптеген жаны таза кейіпкерлер

Қазақ кинематографиясында культке айналған «Менің атым Қожа» кинокартинасы сөз бола қалса, көз алдымызға Қожа мен Сұлтанның бейнесі қатар тұра қалатыны анық.

Нұржамал
ӘЛІШ

Алматыдағы №147 гимназия мен А.Чехов атындағы қалалық Орталық кітапхана бірлесіп ұйымдастырған әдеби-танымдық кешке «Қожа. Жаңа саяхат» («Менің атым Қожа-2») кинокартинасында Сұлтанды ойнаған жас актер, Алматыдағы Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінің студенті Олжас Қалғабар келді.

Алматының білім ошақтарының арасында қолға алынған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткен кездесуде балалар әдебиетінің алтын қорына енген Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы талқыланды. Аталған туынды ізімен түсіріліп, балалық шақтың символына айналған сол аттас картина мен былтыр ғана түсірілген «Қожа. Жаңа саяхат» фильмі де жас актер мен 5-6-сынып оқушылары арасындағы диалогқа арқау болды.

Әдеби-рухани кеш барысында №147 гимназия оқушылары кітап желісімен сахналық көрініс ұсынды. А.Чехов атындағы қалалық Орталық кітапхана жетекшісі Толқын Құрамысова белсенділік танытқан балаларды марапаттап, жеткіншектердің мерейін өсірді.

Әке беделі

– Бұл киноның «Менің атым Қожа» фильмінен айырмашылығы, жаңашылдығы неде?

– Сонау 1963 жылы түсірілген фильмде Қожа бесінші сынып оқушысы болса, ал 2024 жылы түсірілген «Қожа. Жаңа саяхат» атты екінші картинада ол есейіп, жасөспірім шаққа аяқ басқан, сегізінші сынып оқушысы. Мысалы, ол фильмде Қожа ғарышкер болуды армандаса, біздің картинада кітаптағыдай нұсқадан ауытқымай, жазушы болуды қалайды. Жалпы, «Менің атым Қожада» көп кадр, мысалы, ел, жер, қазақ тағдырына қатысты көріністер кезінде цензураға ұшырап, қиылып тасталған көрінеді. Ал «Қожа. Жаңа саяхат» (режиссері – Қуат Ибрагимов, сценарийін жазған – Садық Шерімбек, – ред.) кітап ізімен түсірілген, сондағы оқиғалардың идеялық жалғасы деуге болатын шығар. Тағы бір ерекшелік – фильмге Қожа

мен Сұлтанның әкелерінің бейнесі енеді. Сол арқылы әке мен бала арасындағы қарым-қатынас, ұрпақ байланысы көрініс табады. Қазақы отбасындағы әке беделін көтеруді тамаша көрсетті деп ойлаймын бұл картина. Сосын естеріңде ме, балалар, Қожа үнемі Сұлтанның да бұзықтығын өз мойнына алып, көптің алдында жер шұқылап тұрушы еді ғой. Ал жаңа картинада Сұлтан тентектігін жеңіп, қолымен жасаған ісін мойнымен көтеріп, ауылдастарынан, әкесінен, досынан кешірім сұрап, картина соңында есейген, түзу жолға түскен кейіпкер биігіне көтеріледі. Жантас бірінші кинода тәкаппар, Қожаның бұзықтығын жеткізіп беруге құмар бала еді ғой, сол мінезімен ылғи шеттетіліп қала беретін. Ал екінші картинадағы Жантас (рөлде Ильяр Егінбай, – ред.) ортасына оралады.

«Мені кейіпкеріме ұқсататын»

– Сұлтанның рөлін ойнағанда қандай қиындықтар болды?

– Сұлтан – жарытып білім де алмаған, емін-еркін, өз бетімен өскен, ауылдың бұзық баласы. Маған ол сияқты атқа міну, қиқулап шабу қиынға тиді. Қожаның анасына көңіл білдіріп жүретін Қаратайдың мотоциклін ұрлап, айдап кететін сахнамыз бар, сонда да қиқулатып, айқалап, желігетін сәттерді бірнеше мәрте түсірдік. Маған негізі атқа дұрыс мініп шабуды Қожаны ойнаған Айқын (Елубай, – ред.) үйретті. Біз көріп өскен Сұлтан арық жігіт еді ғой, маған да арықтау керек болды да, диета ұстадым. Сол сәт қиынға соқты.

– Қалай ойлайсыз, сізді Сұлтан рөліне таңдағанда сыртқы келбетіңізге қарады ма, әлде актерлік шеберлігіңізге қарады ма?

– Негізі, бет-әлпетімдегі көп ұқсастыққа байланысты таңдаған болар. Дегенмен, мектепте оқып жүрген кезімде достарым, ұстаздарым, тіпті ата-анама дейін сен кинодағы Сұлтанға ұқсайсың, қылықтарың аумайды деуші еді. Айналамды бүлдіріп жүретін бұзық болдым демеймін, әрине. Бірақ кейбір қимыл-қозғалыстарым бәлкім ұқсайтын болар. Жалпы, кейіпкерінді шынайы көрсете алу үшін оның мінез-құлқын, сөйлеген сөзін кейде өзіңнің айналанда жүрген адамдардан да «ұрлайсың». Жаныңда жүрген достарыңды сырттай бақылап жүресің, бұзықтау, еркелеу іс-әрекеті болса, соны сахнада пайдаланасың.

Актерлік шеберлік

– Сіз Қожаны ойнай алар ма едіңіз?

– Қызық сұрақ екен. Ойнай алмайтын шығармын. Ал Жантасты ұсынса, алып шығар едім.

– Сізге осы фильмде ең ұнаған сахна қайсы?

– Қожа мен Жанардың махаббат құратын сахнасы бар. Екеуі тау етегінде кездесіп тұрғанда, жаңбыр қатты құйып кетеді. Балаң сезімді екеуі жақсы берді. Күн суық-тын. Біз кадрдың сыртында қос-қостан күртеше киіп алғанбыз, ал екеуі желең тұр. Қатты қиналды екеуі, бірақ сәтті кадр үшін шыдады. Екеуі кадрдан тыс мүлдем тіл табыса алмайтын, жиі ілінісіп қала береді. Ал дубль дегенде, ештеңе болмағандай шынайы ойнап шығады. Бұл – екеуінің шеберлігі.

Өмірде де доспыз

– «Қожамен» өмірде қалайсыз, кинодағыдай доссыздар ма?

– Иә, Айқын екеуіміз өмірде де доспыз. Кейде уақытым болмай, хабарласпай қалсам, «төбелес» шығаратыны бар, «неге телефонды көтермейсің, неге мені іздейсің» деп (күледі). Шын мәнінде, бізді кино тіпті жақындастыра түскен секілді. Шын мәнінде, Сұлтанды тыңдай білетін жалғыз Қожа, оған басқа ешкім жуымайды. Ал ол екеуі жәй кейіпкерлер емес. Олар бұзықтық жасап қойса да, сонысын түзеуге ұмтылып жүретін, дұрыс жолды табуға тырысқан, сол арқылы достықты, адалдықты, адами қарым-қатынасты дәріптеген жаны таза кейіпкерлер деп білемін.

– Фильмдегі ең қиын рөл кімдікі деп ойлайсыз?

– Меніңше, Қожаның анасының рөлі шығар. Себебі, бүкіл ауыртпалықты өз мойнына артқан сол кісі. Ана – қашан да ең биік бейне мен үшін, баласы қанша бұзықтық жасап жатса да, жамандыққа қимайтын ең аяулы жан.

– Болашақта қай кейіпкерді ойнағыңыз келеді?

– Шыңғыс ханды ойнасам деген арманым бар.



(Cyber: menin_atym_qoja_official).

КАРИКАТУРА



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.